

МДҰ №17 «Шұғыла» балабақшасы

**№7 «Ертегі» ортаңғы тобының 2023 – 2024 оқу жылының
ата – аналармен жұмыс жоспары**

Тәрбиешісі: Жолан А.Т

**Ақтөбе қаласы
2023– 2024 оқу жылы**

Бекітемін: _____
 №17 «Шығыс Қазақстан» облысы
 Балабақша №17 «Шығыс Қазақстан» облысы



№7 «Ертегі» ортаңғы тобының 2023 – 2024 оқу жылының ата – аналармен жұмыс жоспары:

№	Іс – шараның атауы	Өткізілетін уақыты	Жауапты
1	Ата-аналар жиналысы «Отбасы мен балабақша бірлігі»	Қыркүйек	Тәрбиешілер
2	«Күз сыны» көрме	Қазан	Тәрбиешілер Ата - аналар
	«Алтын Күз» ертеңгілігі		Тәрбиешілер Музыка пәні жетекшісі
3	Баяндама «Бала неге отірік айтады?»	Қараша	Тәрбиешілер
4	Ата -аналар жиналысы «Бала тәрбиесіндегі ата-аналар ролі	Желтоқсан	Тәрбиешілер
	«Құтты болсын Жаңа Жыл» ертеңгілігі		Тәрбиешілер Музыка пәні жетекшісі
5	«Тәрбие – тал бесіктен»	Қаңтар	Тәрбиешілер Ата - аналар
	Медбикеден кеңес «Тазалық – денсаулық кепілі»		Медбике
6	«Ойын арқылы балалардың ойлау қабілеттерін дамыту»	Ақпан	Тәрбиешілер
7	«Ана – гүл, ана – жыр, ана – өмір шуағы» 8 наурыз мерекесі.	Наурыз	Тәрбиешілер Музыка пәні жетекшісі
	«Ұлыстың ұлы күні – Наурыз!» ертеңгілігі		Тәрбиешілер Музыка пәні жетекшісі
8	«Сенбілікке шақырамыз»	Сәуір	Тәрбиешілер Ата - аналар
9	«Жаздағы дамытушылық ойындары»	Мамыр	Тәрбиешілер

МДҰ №17 «Шұғыла» балабақшасы

«Отбасы мен балабақша бірлігі».

Тәрбиешісі: Жолан А.Т

Ақтөбе қаласы
2023– 2024 оқу жылы

«Отбасы мен балабақша бірлігі».

Балалық шақ – адам өміріндегі ең маңызды да, ерекше уақыт. Сондықтан осы кезді тиімді пайдалану өте маңызды. «Бала тәрбиесі – мемлекеттің маңызды міндеті» Қай кезеңде болсын ұрпақ тәрбиесі бәрінен де маңызды. Міне, осы тақырып бүгінде де бізді қатты ойландырып, толғандырып отырған жайы бар. Баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін.

Тақырыбы: Отбасы мен балабақша бірлігі. Балалық шақ – адам өміріндегі ең маңызды да, ерекше уақыт. Сондықтан осы кезді тиімді пайдалану өте маңызды. «Бала тәрбиесі – мемлекеттің маңызды міндеті» болып табылады. Қай кезеңде болсын ұрпақ тәрбиесі бәрінен де маңызды. Міне, осы тақырып бүгінде де бізді қатты ойландырып, толғандырып отырған жайы бар. Дәл қазіргі жағдайда қандай ұрпақты тәрбиелеп жатырмыз деген сұрақ туындайды. Баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру, табиғат сыйлаған дарыны болса дамыту, дұрыс тәрбие мен білім алуына жағдай жасау – ата-ананың басты парызы. Ендеше бала тәрбиесінде ұсақ-түйек дейтін ешнәрсе жоқ және сол нәрседен де қателесуге қақымыз жоқ. Бала — әр жанұяның бақыты. Олай болса, өз бақытымызды бағалай білейік. Ата-аналар өз балаларының басты тәрбиешілері болып табылады. Отбасы – бұл баланың өмір сүру ортасы: қамқорлықтың тұрақты көзі, тәрбиелеу мен қарапайым біліммен қаруландыру және шешім қабылдай білуге үйрететін ең жақын адамдардың мейірім шуағын сезетін орын. Отбасында барлығы жақсы болған жағдайды – балалар жақсы жетістіктерге жетіп, өзінің даму әлеуетіне көтеріле алады. Отбасы мен педагогикалық ынтымақтастық – баланың қанаттану деңгейі мен тәрбиешінің жұмысының сапасын арттырады. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың түрлері мен әдістері олардың педагогикалық мәдениетін көтеруге, балабақша мен отбасының өзара ынтымақтастығына және тәрбие жұмысының әлеуетін арттыруға бағытталған. Қазіргі заманның ата-аналарына көмек көрсету қажет, өйткені педагогика мен психология жөніндегі білімдердің болмауы қателіктерге, түсініспеушілікке демек, тәрбиенің нәтижесіздігіне әкеліп тірейді. Сондықтан да балабақша педагогтарының негізгі күштері ата-аналардың педагогикалық мәдениетінің деңгейін жоғарылатуға бағытталған. «Тәй-Тәй» технологиясының отбасыны педагогикалық ағарту бойынша жұмыс нысандарының бірі ата-аналар жиналысы болып табылады. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне азап әкеледі» деген. Қазақстанның дамуына үлес қосатын, әлемдік өркениетке көтерілетін білімді де мәдениетті, парасатты, денсаулығы мықты азамат тәрбиелеп шығару – қоғам, ұстаздар мен ата-аналар, мұғалімдер қауымының бүгінгі таңдағы баға жетпес міндеті.

МДҰ №17 «Шұғыла» балабақшасы
№7 «Ертегі» ересек тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы.
Хаттама №1

Қатысканы: 22

Қатыспағаны: 2

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Топтағы ата-аналарды бір-бірімен таныстыру.
2. Баяндама «Бала неге өтірік айтады»
3. Ата - аналар туралы мәлімет жинақтап, әлеуметтік зерттеу жүргізу
4. Ата-аналар комитетінің мүшелерін сайлау.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша бала бақша әдіскері сөз алды. Әдіскер Ахметова Г.К. топтағы ата-аналарды бір-бірімен санымен қатар топ тәрбиеші Жолан А. Т. мен таныстырды. Ендігі кезекте ұйыдастырылған оқу қызыметінің тәрбие жұмыстарын жүргізетінін айтты. Екінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Жолан А. Т. «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы» баяндама оқыды. Үшінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі балалар тізімін таныстырып ата-аналар комитетінің мүшелерін сайлауға шақырды. Ата-аналар бір ауыздан комитеттің төрайымы Оразова Ақмарал Амангелиевна деп шешті.

Қаулы:

1. Ата-аналар мен тәрбиеші өздеріне қойылған талапты өз деңгейінде орындалсын.
2. Баяндама оқылды.
3. Ата-аналар комитетінің төрайымы Оразова Ақмарал Амангелиевна болсын.

МДҰ №17 «Шұғыла» балабақшасы

№7 «Ертегі» ересек тобының «Алтын күз» ертеңгілігі

Тәрбиеші: Жолан А.Т.

**Ақтөбе қаласы
2023 – 2024 оқу жылы**

Балалар музыка әуенімен залға кіреді.

Жүргізуші: Құрметті қонақтар! Балалар! Алтын күз мерекесіне қош келдіңіздер! Ел байлығын арттырған берекелі де, мерекелі күз мерекесі құтты болсын! Ендеше «күз,» атты ертеңгілігімізді бастаймыз.

Жүргізуші: Балалар біздің айналамыз өте әдемі екен?! Солай ма, балалар? Айналамызды жапырақтар мен жеміс-жидектермен кім әдемілеп қойғанын білесіңдер ме?

Балалар: Сиқырлы күз.

Жүргізуші: Дұрыс балалар.

Ән: «Кап кап тук тук»

Жүргізуші: Тыңдандаршы балалар бір дауыс естілетін сияқты ма?

(тыңдайды)

Залға бағбан ата кіреді: Сәлеметсіздер ме балапандар! Бүгін сендер қандай әдемісіңдер?!

Мен сендерге қонаққа келдім.

...Аз ұйқыны жөн көрем,

Ерте тұрып күнменен.

Шөліркеп су сұраған

Бау-бақшамды суарам.

Шаруам болмай өткенмен,

Арық тартам кетпенмен.

Қолға алып күректі,

Жөнге салам жүйекті.

Бір күнім бос өтпейді,

Терлемей іс бітпейді

Жүргізуші: Бағбан ата күз ханшайымы қайда?

Бағбан ата: Мен күз ханшайымын көрген жоқпын, ол орманда адасып қалған шығар.

Келіп қалатын шығар тосайық. Күз ханшайымы келгенше ойын ойнайық.

мен сендерге жаз бойы еккен көкөністерім мен мен жемістерімді алып келдім қазір сендер мына екі себетке "Жемістер мен көкөністерді ажыратуларың керек?. Балалар ажырата аламекен байқайық.

Ойын

Ойынның шарты: Жердегі араласып жатқан көкөніс пен жемісті екі бала шығып, қолдарындағы себетке толтырып жинай бастайды. Себетті тез әрі қателеспей толтырса, сол бала жеңіске жетеді.

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар өте тамаша!

Ән: «Берекесін сыйлауға»

Музыка әуенімен Түлкі мен Қоян мен бір-бірімен дауласып музыка залына кіреді.

Қоян: Мен сәбізім тәтті!

Түлкі: Жоқ, менің жемістерім дедім ғой!

Бағбан ата: Сендерге не болған, достар! Бір-бірлеріңмен таласа бермей, балалардан сұрап көріңдер.

Түлкі: Балалар, Қоянға айтыңдаршы жемістер деп!

Қоян: жеміс тәттілеу болса да, менің сәбізімнің дәрумені көбірек!

Жүргізуші: Онда балалардан сұрайық. Қоян мен Түлкіге қандай пайдасы бар?

Балалардың жауаптары:

1-бала: (Қияр)

Дәмім тілді үйірген

Мен тұздалған күйімде!

Жаңа піскен кезімде

Жейді бәрі сүйсіне!

2-бала: (Сәбіз)

Кім бар сәбіз шырынын
Жастайынан ішпеген?
Мені жеген адамдар
Кем болмайды күшке де!
3-бала: (Асқабак)
Өсем бақша-бауында
Қатты ұқсаймын қауынға
Жемек болып шикідей
Күлкі болмай қауымға.

Жүргізуші:

Көкөніспен жемістер
Денсаулыққа пайдалы
Мұны жақсы білiндер,
Оларды жақсы көріңдер

Сендер енді келісесiңдер ме? Екеулеріңіздің де айтқандарың рас, жеміс те, көкөністер де пайдалы!

Қоян: Ой, рахмет, балалар!

Түлкі: Сұр қоян, осы сені неге желаяқ деп атайды?

Қоян: Соны да білмейсің бе? Мен өте тез жүгіремін ғой. Сондықтан мен желаяқ атандым.

Түлкі: Ой сұр қоян, мақтанба. Сен менен де тез жүгіре алам деп ойлайсың ба?

Қоян: Әрине, сен менімен жарыссаң жете алмай қаласың.

(Түлкі қоянды қуады, жете алмайды).

Түлкі: Сұр қоян, сен расында жеткізбейді екенсің.

Қоян: Балалар, сендер мен сияқты секіре аласыңдар ма? Олай болса менің қимылымды қайталаңдар.

(Балалар қоянмен бірге билейді)

Әуенмен залға күз аруы кіреді.

Күз ханшайымы: Ой, балалар, балалар,

Қоңырқай күз болыпты.

Қурап жапырақ солыпты.

Ел егінін орыпты.

Алма, өрік, шиелер,

Себеттерге толыпты.

Сәлеметсіңдер ме, балалар! Сіздердің бала бақшаларыңызға да күз келіпті. Менің көйлегімнен ұшқан қызыл, сары жапырақтар сіздердің залдарыңызға қоныпты.

Жүргізуші: Сәлеметсізбе күз ханшайымы мерекемізге қош келдіңіз!

Балалар: Сәлеметсіз бе!

Күз аруы: Сәлем балақайлар! Менің бағым әдеміме балалар?

Қайың, терек басынан,

Қызыл, сары жапырақ.

Жерге түсіп шашылған,

Жел үрлесе қалықтап.

Менің көйлегімде, залда күздің ерекшелігі сары, жасыл жапырақтар.

Балалар күз мезгілінде жаңбыр көп жауады. Жер балшық су болып жатады. Ендеше балалар менімен бірге ойын ойнауға дайынсыздар ма?

Қимылды Ойын «Күн мен Жаңбыр»

Шарты:

Күз Аруы: Жарайсыңдар балалар, сендердің ойындарың маған ұнады.

Жүргізуші: Ал, балалар өнерімізді көрсетіп, мерекені тойлайық. Біздің балаларда шетінен ақылды, өнерлі. Балалардың өнерін тамашалаңыз.

Би: «Қолшатыр»

Тақпақтар:

Тұмар:

Сарғайды тоғай,
Сап-сары маңай.
Соңғы әнін айтып,
Құс кетті қайтып.

Мұстафа:

Берекесін сыййлауға,
Өлкемізге күз келді.
Жемістерін жинауға,
Шақырады біздерді.

Мариям:

Құстар қайтты ән салып,
Бұлт шарлады аспанды.
Қыс келеді жар салып,
Күзгі суық басталды.

Муслима:

Келді міне күз,
Айнала сары түс.
Керемет, тамаша,
Қандай әсем күз.

Әлім:

Көрініп еліме,
Күндері мереке.
Келді ғой жеріме,
Күз дейтін мереке.

Таңнұрым:

Алақай – алақай,
Шаттанды балақай.
Береке – салты күз,
Мереке – алтын күз.

Би: «Бұлттар»

Ән: «Жау-жау жаңбыр»

Күз ханшайымы: Балалар, сендер көкөніс пен жемістерді талғамай көп жеңдер, сонда қыс мезгілінде ауырмайсыңдар. Бірақ, барлығын жуып жеңдер. Ал енді сендердің өнерлеріңе көп рахмет! Біз басқа балабақшалардың балаларының өнерлерін көріп келейік. Сау болыңдар.

Ару Күз, Түлкі, Қоян, бағбан атай залдан ауенмен шығып кетеді.

Жүргізуші: Сау болыңдар, достар!

Жүргізуші: Балалар, «күз» мерекесі осымен аяқталды. Өнерлеріңе рахмет!

МДҰ №17 «Шұғыла» балабақшасы

Баяндама «Бала неге өтірік айтады?»

Тәрбиеші: Жолан А. Т.

**Ақтөбе қаласы
2023 – 2024 оқу жылы**

Баяндама

Неге бала бізге өтірік айтады? Көбіне өзін бізден қорғап қалу үшін. Бірақ бала өтірік айту арқылы белгілі бір адамнан ғана қорғанып қалмайды (ата-анасынан, достарынан, т.б.), ол өмірдің өзінен де қорғанады. Өйткені «өтірік айту» деген тек алдау ғана емес, сонымен бірге, ойлап шығару, қиялдау деген сөз.

Балалық шақ — алтын кезең, уайым-қайғысыз, бақытты шақ... Алайда, сәбидің ішкі әлемі біз ойлағаннан да анағұрлым күрделі. Алғашында олар әлемді «түсініксіз, қамқорсыз, панасыз, қауіпті әлем» деп қабылдайды. Отбасы мүшелерінің арасында да өзін жалғыз қалғандай сезінеді. Бойындағы азапты мұң, реніш, қайғыны сөзбен жеткізе алмай, білдіре алмай, бала айналасынан қорғаныш іздей бастайды. Сондықтан олар қиялдап, өтірік айтуды үйрене бастайды.

Қиял әлеміне ене отырып, бала ақиқаттан алыстайды, яғни оны өзінше «дуалайды». Айшықсыз күйінде әлем оған дұшпан, суық, дөрекі, жайсыз болып елестейді.

Барлық бала да арманында әдеттегісінен өте алыс өзіне ғана көрінетін сұлу әлемді жасап қиялдайды.

Ең алдымен сізге балаңыздың неліктен шындықтың орнына өтірікті таңдайтынын талдауыңыз қажет, содан соң өтірік айтуға не себеп болғанын түсінуге тырысыңыз. Төменде баланың неліктен өтірік айта бастайтындығы туралы бірнеше уәждер келтірілген:

Өтірік бала өмірін жеңілдететін амал болып табылады. Әсіресе, ата-анасы оған үнемі «болмайды» деп шек қойып отырса;

Өтірік баланың жан дүниесі туралы хабар береді: оны не мазасыздандырады, не қинайды, не нәрсе қатты үрейлендіреді, мүмкін, шешімін қажет ететін мәселелер бар шығар;

Стресстік жағдайлардан қашады;

Егер сіз балаңыз бүлдірген «түймедей нәрсені түйедей» етіп көрсетуге тырыссаңыз, балаңыз сізге келесіде тағы да өтірік айтуға мәжбүр болады;

Өтірік айту арқылы бала жазаланудан қашады. Ойланып көріңіз, балаға қоятын талаптарыңыз өте қатты емес пе, қойған талаптарыңыз оның қабілеті мен мүмкіндіктеріне сәйкес келе ме? Сіз үнемі оған ақыл-өсиет, уағыз айтып, намысына тимейсіз бе? Жазалау алдында баланың қорқынышы бар ма?

Егер ата-анасы баласына жеткілікті түрде көңіл бөлмесе, бала өтірік айта бастайды. Ата-анасының назарын қалай болса да өзіне аудару үшін ол түрлі әрекеттерге барады.

(1-топтағы ата-аналарға ой тастау)

Қызы мектептен келіп анасына: «Сізге маңызды бір нәрсе айтайыншы» десе, анасы: «Сенсіз де басым қатып отыр, мазамды алма» деді.

Сіздің осы кездегі өз ойыңыз?

Балалар біреуге күлкі болудан қашып, өтірік айтады (абайсызда жүгіріп келе жатып, шалшық суға құласа, т.б.);

(2-топтағы ата-аналарға ой тастау)

Сіздің балаңыз үй тапсырмасын орындалмау себебін өтірік айтып мұғалімді алдады.Сіз оны білдіңіз.

Сіздің әрекетіңіз?

Өте жақсы болып көрінуге тырысады (мақтаншақтық);
Жасөспірім шақта бала өтірікті жеке өмірін қорғау, өзінің дербес екендігін көрсету, қиындықтан, жазаланудан құтқаратын және шындықты айтқанда қол жеткізе алмайтын нәрсесіне өтірік айтып жету әдісі ретінде қарастыруы мүмкін.

Тағы да бір өте жиі кездесетін себебі, ата-анасының көңілін қалдырамын деген үрей. Бала ата-анасының үмітін ақтауға тырысады. Көптеген балалар өзінің болашағы жақсы бағаға байланысты деп есептейді. Егер сол бағалар үмітін ақтамаса, сабақ үлгерімі нашарласа, онда бала өтірік айтудан басқа амалы жоқтығын сезінеді.

(3-топтағы ата-аналарға ой тастау)

Сіздің балаңыз мұғалімнің күнделікке немесе дәптерге қойған бағасын өзгертті. Мұндай жағдай бірнеше рет қайталанды.

Осындай жағдайда сіздің әрекетіңіз?

Егер балаңызды адалдыққа, өтірік айтпауға тәрбиелегіңіз келсе, онда оның ащы, жағымсыз шындығын тыңдауға дайын болуыңыз қажет. Өзінің сезімдері туралы (жақсы-жаман болсын, күлкілі болсын) өтірік айтуына жол бермеңіз. Сезімдері туралы айтып берген әңгімесін сіздің қалай қабылдағаныңызға байланысты балаңыз іштей «шынымен де шындықты айту жақсы нәрсе ме?» деген ой түйеді.

Егер баланы шындықты айтқаны үшін жазаласа, онда олар өзін қорғап қалу үшін өтірік айта береді. Кейде олар қиялдайды, күнделікті өмірінде жетіспейтін таңғажайып нәрселерді ойдан шығарады. Баланың айтқан өтірігі оның жан дүниесі туралы шындықтың бетін ашады: оның қорқынышы мен үміті, болашақта кім болатыны туралы арманы, не істегісі келетіндігі жайлы.

Балаңызға шынайылық пен үмітінің арасындағы шекараны түсіндіргіңіз келсе, өтіріктегі мәліметті пайдалану қажет. Егер сіз қызыңыздың математика сабағынан бақылау жұмысын нашар жазғанын білсеңіз, оған бетінен алып: «Бақылау жұмысы қалай өтті? Бұл жолы сен мені алдай алмайсың! Мен мұғаліміңмен сөйлестім және жұмысты нашар орындағаныңды білемін» деп айтудың қажеті жоқ. Оның орнына балаңызға: «Мұғалімің математикадан бақылау жұмысын нашар жазғаныңды айтты маған. Мен саған қалай көмектессем екен деп ойланып, уайымдап отырмын» деп жанашырлық көңілмен тура айтыңыз.

Егер балаңыз сонда да өтірік айтуын қоймаса, айқай-шу шығарудың, ақыл-өсиет айтудың қажеті жоқ. Тек сөзбен және іспен жауап беру керек. Бала ата-анаға өтірік айтудың қажеті жоқ екендігін түсінуі тиіс.

Отбасында өтірік айтудың қажеті жоқ жағдайларды қалыптастырыңыз. Егер бала ата-анасына өзінің құпияларын сеніп айта алатынын білсе, оның әрекеттері талқыланып, дұрыс деп қарастырылса, ал жазалану тәрбиелеу әдісі ретінде қолданылмаса, онда өтірік айтудың себебі ешқашан туындамауы мүмкін.

Өтірігінің бетін ашып, жазаламас бұрын ең алдымен балаңызды өтірік айтуға қандай себеп итермелегенін анықтап алыңыз. Бала жасаған әрекеті өзін жаман адам етіп көрсететінін сезінбеуі керек. Жаман әрекет болады, бірақ жаман адам болмайды!

Ешқашан «жақсы көремін – жақсы көрмеймін» деген сөздерді әдейі қолдануға болмайды.

«Кет ары, мен сені осындай қылығың үшін жақсы көрмеймін!». Әрине, келесі жолы балаңыз өзін сіздің алдыңызда жақсы көрсету үшін одан ары өтірікті әсірелеп айтатын болады.

Кей балалар өтірікті өзін мақтау үшін айтады: «Мен жақсымын». Күнделігін жоғалтқан оқушы ата-анасының, мұғалімінің қаһарынан ғана емес, сонымен бірге, ештеңеге жарамсыздығынан қорқады. «Мен сенің жасыңда үздік оқушы болғанмын!» — деп айқайлайды әкесі. Ал бала өзінің кінәсін сезінеді. Бұл жағдайда өтірік психологиялық қорғаныш қызметін атқарады.

Көптеген балалар сәтсіздік алдындағы үрейден өтірікті көп айтады. Балаңызға өзіңіздің қиындықтар мен сәтсіздіктерді қалай жеңетіндігіңіз туралы айтып беріңіз, ол да сізден үлгі алып үйренсін. Өзінің қателіктерін мойындау және оны түзетудің жақсы әрекет екендігін балаңызға ұғындырыңыз. Егер балаңыздың сізге өтірік айтқанын біліп қойсаңыз, бірден айқай-шу шығарып, ұрыспаңыз. Мұндай жағдайда сабырлылық танытып, дауысыңызды көтермей, жай сөйлеп, балаңызбен оңаша ересектерше әңгімелесіңіз. Егер бірден айқайға бассаңыз, онда ол сіздің қаһарыңыздан өзін қорғау үшін одан ары өтірік айтуын жалғастыра береді. Өтірік айтқанын біліп тұрсаңыз, сенген кейіп танытпаңыз, керісінше, балаңыздың ойдан шығарып жатқанын сол мезетте айтыңыз.

Баланың қиялы өтірік болып есептелмейді. Өйткені олар өмірге келгенде ақ парақтай таза, пәк күйінде туылады. Ал ақ парақ бетіне дақтың, шимайдың не әріптің қисық жазылуы сізге байланысты. Егер сіз балаңыздың өзінің игілігі үшін (пайдакүнемдік мақсатпен) өтірікті қолдана бастағанын байқасаңыз, ойлануыңыз қажет, яғни бұл балаңызбен арадағы қатынаста бір олқылықтар бар екендігін көрсетеді.

Жағдайды талдаңыз, өтіріктің туылу себебін анықтауға тырысыңыз. Бекерден-бекер бала сізге өтірік айтпайды, мұндай әрекетке баруға оны жан-жағында болып жатқан жағдай итермелейді. Ата-анасы балаға түсіністікпен қараса, бұл оң нәтиже берері сөзсіз.

Бұл тақырыпта балаңызбен жиі әңгімелесіңіз. Өзіңіз туралы, ата-анаңыз туралы қызықты әңгімелерді көп айтып беріңіз, арасында сұрақтар қойып отырыңыз. Ұқсас жағдайларда қандай әрекет жасайтыны баланың берген жауабынан аңғарылады. Сонымен қоса, балаңызға «сыпайы өтірікті» айтатын кезді де түсіндіріңіз. Мысалы, сіздің балаңызға біреу сыйлық сыйлады. Оған сыйлық ұнамай қалды да ол: «мен мұндай ойыншықты ұнатпаймын» деп, сыйлық берген адамның көңіліне тиюі мүмкін.

*(Ата-аналарға ой тастау) **Не істеу керек?***

Мұндай жағдайда рақмет айту керектігін түсіндіріп беріңіз.

Өтірікті түбімен жою, құрту мүмкін емес. Тек жай ғана балаға «жақсы деген немене, жаман деген немене» екенін түсіндіру қажет. Мұндай жағдайда ата-ананың өз өмірінен келтірген мысалдары маңызды. Сондықтан, біреу хабарласқанда телефоннан балаға «мамам үйде жоқ» деп айта салшы демес бұрын, соңы қалай болатынын ойлаңыз.

Өтіріктің себебін түсініп, оны талдау қажет. Мәселені шешу үшін жағдайды қалай өзгертуге болатынын және өзіңіздің бойыңызда нені өзгерту керектігін ойлаңыз.

Балаңыздың өтірік айтқанын қаламайсыз ба? Онда өзіңіз де өтірік айтпаңыз! Әр сөзіңізге, әрекетіңізге абай болыңыз!

Егер ата-аналар балаларын адалдыққа үйретеміз десе:

Айтқан сөзінде тұру керек. Қандай да бір жағдайда уәдеңізді орындай алмасаңыз, балаңызға не себепті орындай алмағаныңызды түсіндіріп, кешірім сұраңыз.

Егер балаңызға өзіңіз өтірік айтып қойған болсаңыз, мойындап, не себепті өтірік айтқаныңызды түсіндіріңіз.

Бала шындығын айтқанда қолпаштап отырыңыз, әсіресе айтуына қиын болған сәттерде.

Балаңызға көп талап қоймаңыз және одан қабілетінен тыс көп нәрселерді күтпеңіз. Есіңізде сақтаңыз: талап көп және қатаң болған сайын, бала жазаланудан қашу үшін өтірікті қорғану әдісі ретінде көп қолданады.

Өтірік айтса да балаңызды жақсы көретініңізді, оның жаман бала еместігін үнемі жиі айтып отырыңыз.

Өтірік шындығында да көптеген мағынаға ие. Өзін құтқару үшін айтылған өтірік.

Өтірік — қулықтың бір әдісі. Есейген сайын бала өтірікті нәзік түрде айтуды үйреніп, әдетке айналдырып алады, алдымен байқаусызда, ал кейін саналы түрде. Сондықтан мұндай жолға түспесін десеңіз, ертеден балаңызды өз сөзі үшін жауап беретіндей етіп тәрбиелеңіз.

МДҰ №17 «Шұғыла» балабақшасы
№7 «Ертегі» ересек тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы.
Хаттама №3

Қатысканы: 22

Қатыспағаны:2

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Топтағы ата-аналарды бір-бірімен таныстыру.
2. Баяндама «Бала неге өтірік айтады»
3. Ата - аналар туралы мәлімет жинақтап, әлеуметтік зерттеу жүргізу
4. Ата-аналар комитетінің мүшелерін сайлау.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша бала бақша әдіскері сөз алды. Әдіскер Ахметова Г.К. топтағы ата-аналарды бір-бірімен санымен катар топ тәрбиеші Жолан А. Т. мен таныстырды. Ендігі кезекте ұйыдастырылған оқу қызыметінің тәрбие жұмыстарын жүргізетінін айтты. Екінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Жолан А. Т. «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы» баяндама оқыды. Үшінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі балалар тізімін таныстырып ата-аналар комитетінің мүшелерін сайлауға шақырды. Ата-аналар бір ауыздан комитеттің төрайымы Оразова Ақмарал Амангелиевна деп шешті.

Қаулы:

1. Ата-аналар мен тәрбиеші өздеріне қойылған талапты өз деңгейінде орындалсын.
2. Баяндама оқылды.
3. Ата-аналар комитетінің төрайымы Оразова Ақмарал Амангелиевна болсын.

МДҰ №17 «Шұғыла» балабақшасы

Бала тәрбиесіндегі ата – ананың рөлі.

Тәрбиеші: Жолан А.Т.

**Ақтөбе қаласы
2023 – 2024 оқу жылы**

Баяндама

Баланың шыр етіп өмірге келуі-зор қуаныш. Өйткені, бала өмірдің сәні, отбасының шаттығы, Аллаһтың берген сыйы. Дана қазақ тоғыз ай құрсақта жатқан сәбиді шілдеханамен қарсы алып, тербелген тал бесікке салған. Бесік жырымен әлдилеген, алақанға салып аялаған. Тәрбиесіне жауаптылықпен қарап, бойына жақсы қасиеттер сіңіруге тырысқан. Халқымыздың сан ғасырдан бергі даналығына құлақ ассақ, «Адамның бақыты — балада» деген екен. Біреу бақытын байлықтан тапқысы келсе, екінші біреуі даңқ пен атақтан, мансап пен қызметтен іздестіреді. Мұның бәрі түсінген адамға қолдың кірі сияқты нәрсе. Адамға нағыз бақытты — тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады. «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген сөз тегін айтылмаса керек. Олай болса адам өмірінің мәні — өз ұрпағы.

Бала тәрбиесінде алғашқы ұстаз — ата-ана. Ата-ана — бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Бала үшін үй ішінен, ата-анадан артық тәрбиеші жоқ. Адамгершілік, бауырмалдық, татулық, қайырымдылық, әдептілік, инабаттылық сияқты қасиеттер — жанұяда тәрбие балаға сөзбен, теориямен дамымайды, үлкендердің үлгісімен сіңеді. Сондықтан әке де, шеше де балаларының жан дүниесіне үніліп, мінез-құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Балалармен әңгімелескенде олардың пікірімен де санасып отырған орынды. Өз баласымен ашық сөйлесе алмай, сырласа білмейтін ата — аналар «Екеуміз де жұмыстамыз, кешкісін үй шаруасынан қол тимейді, баламен сөйлесуге уақыт жоқ» дегенді айтады. Бұл дұрыс емес. Баламен сөйлесуге тіпті арнайы уақыт бөлудің қажеті жоқ. Әке мен шеше ұл-қыздармен үй шаруасында жүріп-ақ әңгімелесіп, ой бөлісуге неге болмасқа. Жанұядағы жанжал, үлкендердің аузына келген сөздерді айтуы, баланың көзінше басқа біреуді сөгуі, біреудің сыртынан өсек айтуы балаға теріс әсер етеді. Бала алдында әке-шеше үй ішінің үлкендердің әдептілік танытқаны жөн. Мысалы, арақ пен темекінің толып жатқан зиянын біле тұра, балалардың көзінше арақ ішіп, үсті-үстіне темекі тартқандар бар. «Көрінген таудың алыстығы жоқ» дейді, ертең-ақ ұл өсіп ер жетеді, қыз өсіп бой жетеді.

«Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» дейді халық даналығы. Бала кішкентай кезінен-ақ әр нәрсеге әуестеніп үлкендерге көмектескісі келеді. Бұған кейбір әке-шеше «жұмысымды бөгейсің, істеп жатқан ісімді бүлдіресің» деп ұрысып жіберуі мүмкін. Бұл қате түсінік. Керісінше, өзін жұмыс істеп жүргенде баланың қолынан келетін ісіне жағдай туғызып, оның үйренуіне көмектескен орынды. Тіпті балаға берген тапсырмаңыздың аяғына дейін орындаулына төзімділікпен бақылау керектігін де ұмытпаған жөн. Осылай баланың бірте-бірте еңбекке деген болашағына жол ашылады. Әрі істеген ісін ұқыпты да тындырымды орындауына бағыт бересіз. Баланың жақсы ісін мадақтап, терісін оң етіп

түсіндіріп отырса, ол да ересектерді сыйлап, кез келген тапсырмасын орындауға қарсылық білдірмейді.

Отбасында басты мәселелердің бірі – баланың тіршілік іс – әрекетін дұрыс ұйымдастыру. Ол үшін баланың күн тәртібі, жеке басына қойылған талаптар, міндеттер, үй еңбегіне араласуы, білімі, қызығушылықтары, бос уақытын дұрыс ұйымдастыруына көмектесіп ықпалын тигізу. Баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру, табиғат сыйлаған дарыны болса дамыту, дұрыс білім алуына жағдай жасау — ата-ананың басты парызы.

Абай атамyzдың жетінші қара сөзінде «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біріншісі — ішсем, жесем, ұйықтасам деп туады. Бұлар тәннің құмары, бұлар болмаса тән жанға қонақ үй бола алмайды, һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Екіншісі — білсем екен деп ұмтылып, одан ержетінкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?» «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі «жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен.» деген үлкен пәлсопалық ой жатыр. Яғни, балаға туғаннан тән азығы — тамақ қандай қажет болса, жан азығы — жылулық, сүйіспеншілік те сондай қажет.

Дәстүрлі қоғамда ата-апаның тәрбиесін көрмей өскен бала болмаған. Ата-апалар жыр, дастан, ертегі айтып немере-шөберелерін рухани байытып тәрбиелеп отырған. Қазақтың ежелгі дәстүрі бойынша тұңғыш немересін атасы мен апасы өз қолына алып, немере ыстық болғандықтан балаларынан да артық көріп, тәрбиелеген.

Баланың аты-бала. Ол білместікке ұрынбай тұрмайды. Тіпті, бірінші қадамдарына бөбектің ісі бүлдіруден келеді. Бүгін аңдаусыздан аяқтабақтың бірін сындырып алса, ертең шалбарын шегеге ілдіріп үйге қайтуы да ықтимал. Мұндайда халқымыз «Ата-балаға саншы» немесе «Баланың балалығына әкенің даналығы бар» дейді. Баланың балғын ойы мен сенімі алдында ең беделді тұлға – әке, әлеуетті, ақылды, білімдар әке. Жаны сұлу жайсаң азамат өсіруде әке орны бөлек.

Әке – әулет басшысы, отбасы мүшелерінің тірегі, асырап сақтаушысы, қамқоршысы. Отбасындағы ұл тәрбиесінде әке мен апалардың орны ерекше.

Әке үйі барлық балалары үшін үлкен үй, қара шаңырақ деген киелі ұғымдармен сыйлы да құрметті.

Әкенің мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнер білімі ұл баланың көз алдындағы үлгі-өнеге алатын, соған қарап өсетін нысанасы. Әке қашанда баланы сөзбен емес, өзінің ісімен тәрбиелейді. Ер бала ең алдымен әкенің өнегесінен нағыз ер адам қандай болу керектігін қабылдайды. Сондықтанда әке ұлын батылдыққа, батырлыққа, ер жүректікке, адалдыққа, қайраттылыққа, ұлтжандылыққа, әйел баласына

серілік қарым-қатынас танытуға, отағасы қандай болу керек екендігін өз тәжірибесі арқылы үйретіп, үй еңбегінің аса қиын соғатын істерді өз мойнына алуға талпынуға тәрбиелеуі керек.

«Ер адамның алдында ашылатын есігі болсын. Әйел адамның алдында тербелетін бесігі болсын», «Адам ақылымен сымбатты, ұрпағымен қымбатты». Ата – ананың адамдық парызын осы мақалалар да өте әдемі бейнеленген. «Ұлы бар үйде қуат бар, қызы бар үйде шуақ бар». Көңілге нұр құятын, өміріңе сән сыйлайтын, өршілдікке үндейтін өлмес даналық емеспе бұл?! Шығыста: «Үш іс тындырған адам: яғни бала өсірген кісі, ағаш – талдар өсірген кісі және кітап жазған кісі өлмейді» деген даналық бар.

Ана өмірдің қайнар бастауы. Ана – ақылды тәлімгер. Ана – бала бақытының бағбаны. Ана өз басын, өз денсаулығын ұмытып, өзгелердің камын жеуді бәрімізге үйретуші. Аналық парызын адал ақтаудың біздің үлкен әжелеріміз, туған аналарымыз әсем үлгісін танытып өткен. Қазірде де пейілді аналар қаншама.

Әйелдің басты парызы ана атанып, адамзат ұрпағын көбейтуге үлес қосу, әр адам ұл – қыз сүйіп, әрқайсысына отау тіктіріп, енші бөліп берсін, немерелер мен шөберелердің қызығын көрсін – яғни солардың бәрін саналы азамат, өнерлі еңбеккер етіп тәрбиелесін – халықтың қалауы осы. «Бала – артта қалған із, бақыт – ұзатылған қыз» дейді халық. Ал ананың міндеті ұлының алдында барлық әйелге тән жақсы қасиеттерді көрсете отырып, өзінің шынайы және шексіз махаббатымен ұлынан да әйел баласы алдында сондай жауапты қасиеттерді көрсетуге шақырады және оның эмоционалды дамуына себепші болады. Ер баланың анасына деген қарым-қатынасы белгілі дәрежеде қыз балалармен жағымды қарым-қатынасты қалыптастыру мәнін игеруге мүмкіндік тудырады, адамдарға қамқорлық жасауға үйретеді, өзінің маңайындағыларға қажетті көмек жасауға ықпал етеді. Отбасында жеткіншек ер баланы тәрбиелеу – бұл қарапайым емес маңызды және жауапкершілікті талап ететін үлкен іс. Өйткені осы жастағы ер баланың бойынан шығармашылыққа, өзінің өмірден орнын іздеу сияқты талпыныстарын байқауға болады. Осы тұста ата-ана олардың жан дүниесін түсініп, дер кезінде бағыт-бағдар көрсетсе, бұл ата-ананың бала тәрбиесіндегі тапқырлығы болып саналады.

Бақыт бірде бар, бірде жоқ, баянсыз болса – бала – баяндылық, өмір гүлі, тірлік тірегі! Ұрпағын тарыдай шашып, тастанды етіп жүрген жеңіл ойлы желбастар өздерінің адамдық парызын ойлаудан аулақтаған берекесіздер... Балаға, ұрпаққа қазақ халқы қашанда үлкен мән берген. Біздің халқымыз балажанды халықтардың бірі. Сондықтан да, туған халқымыз турасын айтады: «Балалы үйдің еңсесі биік». Өйткені бала – бақыт, бала – қуаныш, бала – шаттық, бала – мақтаныш, бала – сүйеу – тірек, бала – болашақ. «Баласыз үй – қу мазар» деп кесіп айтуда да

шындық қаншама?! Бала тудырдың екен – баға да біл. Халық алдымен ата – анадан осыны талап етеді.

«Ертең де күн баргой, бәріне үлгереміз» деп салдыр – салақ күн кешетіндердің өкініші удан да ащы боларын сезінеміз. Ата – ана жауапкершіліктің адамы болуға тиіс дейтініміз содан. Өйткені «Әкесіне қарап, ұлын сына» дейді қазақ халқы. Өзіне тартқан өнегелі ұл өсіре алмаған әке ұятты, ал абыройлы әкеге тартып өсе алмаған жасық болбыр ұл да ұятты.

«Ана – балаға жастық, әке – көрпе». Бұл – ұрпақтың тәрбиесіндегі бар ауыртпалық ата – ананың ғұмыр бойы мойнында деген сөз. «Білімсіз бүлдіреді, ата – анасын күйдіреді». Бұл да бір мәнді мақала.

«Әр үйдің қашан барса төрі дайын, сыйлаған ата – анасын адал ұлға» деп босқа айтылмаған. Әкесін – шешесін аялауды азап деп қана қарайтындар бар. Бұл – білместік. Әрі көргенсіздік. Ата – анасын ардақтағандарды алыс – жақын ағайындар да, жолдас – жоралар да сыйлайтынын әрбір жас біліп өссін. Әкенің үмітін, ананың ақ сүтін ақтау – перзенттік парыз екенін ұмытқандар ұятқа қалады.

Мектеп партасында отырған баланың жан – жақты тәрбие алуына ең бірінші ықпал ететін ұстаз болса, оның сүйеушісі – ата-ана. Сондықтан ата-ана өз баласының білім алуына барынша жағдай жасауы тиіс, оқу үлгеріміне күнделікті назар аударып, қадағалап отыру керек. Өкінішке орай, кейбір ата-аналар бұған жеткілікті мән бермейді. Тіпті, кейде баласының қай сыныпта оқитынын, сабақтарының жетекшісін де білмей жататын үлкендер бар. Бала тәрбиесі – өте күрделі үрдіс және ешқандай үзіліс, демалыс дегенді білмейді. Баланың жақсысы әке мен шешенің ары, ата-ананың абыройы, жаманы – қайғысы, бақытсыздығы, азабы», – дейді халқымыз. Бала мектепте 6,7 сағат болса, 18 сағат үйде болады, сол себепті ата-ана баласының оқуын, жүріс-тұрысын, жолдастарын сонымен қатар киетін киімін де қадағалап, аптаның соңғы күндері сынып жетекшісімен, пән мұғалімдерімен байланыс жасап сабақ үлгерімі, тәртібі жайлы мәлімет алып отыруы қажет.

Бүгінгі оқушы мемлекетіміздің ертеңгі үлкен азаматы, кәсіп иесі.

Сондықтан да бала тәрбиесіне асқан жауапкершілікпен қарап, жас ұрпақты назардан тыс қалдырмаған жөн. Бүгінгі таңда ата-анасы қасында болса да қадір-қасиетіне жете алмай, ұлдарымыз маскүнемдік пен нашақорлыққа бой алдырып, қыздарымыз шылым шегіп, жеңіл жүрістерге түсуі отбасындағы тәрбиенің дұрыс жолға қойылмауының айғағы. Шарифатта да алтын ұя – отбасы жоғары бағаланып, оны бала тәрбиелеп өсіруіне бірінші дәрежелі мән берілген. Өйткені: «Балалар – ата-аналар қолына берілген аяулы аманат.»

МДУ №17 «Шұғыла» балабақшасы
№7 «Ертегі» ересек тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы.
Хаттама №4

Қатысқаны: 22

Қатыспағаны: 2

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Баяндама оқыды
2. Жаңа жыл мерекесіне арналған ертеңгілік іс-шараларымен таныстыру.
3. Ертеңгілікке берілетін сыйлықтар туралы келісім жасау.

Тындалды:

Бірінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Жолан А.Т. баяндама оқыды. Ата-аналар баяндаманы тыңдалды ризашылығын білдірді.

Екінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Жолан А.Т. балаларға берілген ертеңгілік іс-шаралары мен таныстырып өтті. Ата-аналар бір ауыздан жаңа жылдық мерекеге ат салысып катысамыз деп шешті.

Үшінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Жолан А.Т. жаңа жылдық ертеңгілікке балаларға берілетін сыйлықтар жайлы айтты. Соны мен қатар ұл-қыздардың жаңа жылда билейтін номерлері бар екеніне оларға арнайы киімдердің керектігін айтып өтті. Ата-аналар сыйлыққа және киімдерге ат салысатынын өздері дайындайтынын айтты.

Қаулы:

1. Ата-аналар мен тәрбиешісі өздеріне қойылған талапты өз деңгейінде орындалсын.
2. Баяндама оқылды.
3. Ата-аналар комитетінің төрайымы Оразғалиева Ақмарал Аманғалиева болсын.

МДҰ №17 «Шұғыла» балабақшасы

«Құтты болсын Жаңа жыл»

Тәрбиеші: Жолан А.Т.

**Ақтөбе қаласы
2023 – 2024 оқу жылы**

Жаңа жыл

«Ертегі» ортаңғы тобы

Жүргізуші:- Сәлеметсіздер ме, құрметті ата-аналар мен қонақтар!

Қуантумен біздерді

Құтты болсын мереке,

Құттықтаймыз сіздерді.

-Балалар қараңдаршы айналамызға ғажайып қыс мезгілі келіп, даламыз аппақ қарға оранды. Ұлпақарлар жалт-жұлт етіп көзді шағылыстырады. Ал, шыршамыз тіптен әп-әдемі болып ойыншықтары жалтырап тұр.

Ән:«

Такпақтар

(осы кезде, ортаға кәмпит билеп шығады)

Кәмпит:-Сәлеметсіңдер ме,балалар!

Жаңа-жыл келді о, міне,

Далама, қалама, жеріме.

Шатыққа бөлеп әр үйді,

Шыға ғой менің төріме. - Балалар, мен Аяз-атаның сендерге әкеле жатқан сыйлықтар салынған қабынан түсіп қалдым. Ал аяз –ата сендерге әлі келген жоқ па?

Балалар: - Жоқ, әлі келген жоқ!

Кәмпит: - Балалар, жылда жаңа жыл мерекесінде қонаққа кімдер келеді?

Балалар:-Аяз-ата, Ақшақар.

Кәмпит:- Дұрыс айтасындар, Балалар, шыршаларың керемет қой, өзі сондай әдемі екен, бірақ шамдары сөніп тұр ғой. Кәне, бәріміз шыршанын шамдарын жағайық. Келіндер балалар.

Жүргізуші: -Жоқ. Кәмпит!!! Аяз-Атасыз, Ақшақарсыз біз ештеңе істей алмаймыз, кәне, телефон соғып аяз атаны шақырайық, атамыз мүмкін, ұмытып кеткен шығар.

–Алло, ата «Ертегі» тобының балалары шыршаның қасында сізді күтіп жүр, неге кешігіп жатырсыз? Ұмытып кеттіңіз бе?

Арғы жақтан Аяз атаның даусы естіледі.

Аяз-Ата:- Алло!!! Ия, ия,ия ұмытып кетіппін, қазір жетеміз.

Жүргізуші:- Балалар, Аяз атамыз келем дегенше ән шырқайық.

Ән: «

Жүргізуші: -Балалар, айтыңдаршы Аяз –Ата өзі қандай?

Балалар:- Аппақ сақалы, мұрты бар, қызыл шапаны бар, арқасында үлкен капшығы бар. Іші тола сыйлық.

Жүргізуші:- Өте дұрыс, балалар, олай болса барлығымыз қатты дауыстап Аяз-Ата мен Ақшақарды шақырайық. Бір, екі, үш:

Балалар:- Аяз-Ата, Ақшақар!!! (3 рет қайталайды).

Осы кезде, Аяз ата мен Ақшақар кіріп келеді.

Аяз-ата- Сәлеметсіңдер ме, балаларым, қарақтарым!

Сәлеметсіздер ме, құрметті қонақтар! Көптен күткен Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймыз. Барашаңызға бақ, береке, ырыс, құт тілейміз.

Ақшақар-Жаңа жылдың таңы неткен арайлы,

Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды.

Жаңа жылмен құттықтаймын бәріңді,

Бақыт,шаттық,тыныштық,
Бәрімізге әкелсін мына арай жыл.

Жүргізуші: -Рахмет Аяз-ата, Ақшақар. Аяз-Ата, армысыз, жылдағыдай бармысыз!

Аяз-Ата:- (шыршаға қарап) – О, қандай керемет шырша!!!Жалтырақтары көп екен. Шыршаның шамдары неге жанбай тұр!!! Кәне, бәріңде келіңдер шамдарын жағайық.

Балалар шыршаның қасына жиналып тұрады. Қол соғады, шырша шамдары жағылады. Үрлеген кезде шамдары сөнеді. Бұл ойынды үш рет қайталайды. Музыка ойналады. Балалар көңілдене билейді.

Жүргізуші:- Балалар енді әсем шыршамызға арнап биімізді арнасақ.

Би: «

Осы кезде, Кәмпиткіріп келеді. Жылайды.

Ақшақар:- Кәмпитсен неге көңілсізсің? Не болып қалды, біз саған көмектесеміз.

Кәмпит:Орман ішінде аяз ата қабынан түсіп қалдым. Мен далада қалдым.

Жүргізуші:- Сен қорықпа, біз сені мінекей аяз ата мен қауыштырдық көңіліңді түсірме.

Би:

Кәмпит шыршаның қасында келіп отырады.

Аяз-Ата:- Балалар, мен сендердің дауыстарыңды сағындым, кәне, маған кімдер тақпақ айтып береді.

Ақшақар: - Енді сендермен ойын ойнаймыз. Мына қарларды жерге шашамын,бір-бірімізге қарларды лақтырамыз және жылдам жинаймыз.

Ойын: «Қар лақтыру және жылдам жинау»

Ақшақар- Аяз-ата сіз ештеңе ұмытып кеткен жоқсыз ба?

Аяз-ата- Жоқ мен ештеңе ұмытқаным жоқ. Балалармен ән айттым, балалар мен бірге шыршаның шамын жақтым, тақпақтарын тыңдадым, ойын-ойнадық. Жоқ ештеңе ұмытқаным жоқ.

Ақшақар- Балалар айтыңдаршы Аяз-ата сендерге не беруі керек?

Балалар- Сыйлықтар!!!

Аяз-ата- Ой, ой, ой кәрі басым-ай, балаларға сыйлықтарын беруді ұмытып кетіппін ғой. Қане қызым қаптың аузын аша ғой, сыйлықтарды таратайық.

Жүргізуші:- Біз өнерлі баламыз,

Ертең-ақ өсіп толамыз.

Атамыздың сыйлығын,

Рахмет айтып аламыз.

Бәрі бірге: РАХМЕТ!

Аяз ата- Ал, балаларым тағыда Жаңа жылдарың құтты болсын.Енді біздердің қайтатын уақытымызда болып қалды.Себебі басқада балабақшаға баруымыз керек сендер сияқты бүлдіршіндер күтіп отыр.Ал, келер Жаңа жылға дейін көріскенше сау болыңдар!

Жүргізуші:- Би-биледік,жыр-жырладық,

Қызығына тоймадық.

Достарменен ойнадық,

Жаңа жылды думандатып тойладық! Ал, құрметті қонақтар осымен мерекелік ертеңгілігіміз аяқталды. Рахмет сіздерге.

МДҰ №17 «Шұғыла» балабақшасы

«Тәрбие – тал бесіктен»

Тәрбиеші: Жолан А.Т.

Ақтөбе қаласы
2023 – 2024 оқу жылы

«Тәрбие – тал бесіктен»

Тәрбие тал бесіктен басталады. Әке мейірімінен құрышын қандырып, ана сүтінен нәр алып, «Әке ұлағаты» мен «Ана тағылымын» көріп өскен ұрпақ елін, жерін, халқын сүйетін, елінің болашағын, халқының қамын ойлайтын, жоғын жоқтайтын, парасатты, ой—өрісі кең, дүниетанымы жоғары, жан—жақты, білімді де білікті, ұлтжанды тұлға болып қалыптасады.

Адам баласы шыр етіп дүниеге келгеннен бастап, яғни, қоғамға, өзі—өсетін тіршілік ортасының мүшесі болады. Адам дүниеге келісімен өзі көріп отырған адамдардың іс—әрекетіне, қимылына, ас ішуіне, жүріс—тұрысына, сөйлеуіне, ойнауына, әңгімелесуіне таңдана қарап, өзі де сол көргендерді есту мақсатында әрекет жасайды. Осыған байланысты «Ұядан не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» — дейді халық. Сондықтан баланың ең әуелгі өсетін ортасы, отбасы тәрбиесіне өте терең көңіл бөлу керек. Баланың көп уақыты отбасымен бірге өтеді. Сондықтан да, ата—ана балаға үңіле қарап, үнемі бақылап және қадағалап отыруы керек. Егер отбасында жақсы тәрбие алған болса, өскенде сол тәрбиенің ізімен баруы сөзсіз. Отбасындағы барлық адамдардың іс—әрекетіне, бала тәрбиесіне бірінші әсер ететін орта. Бала сол ортаға қарап өседі. Сол үшін балаға отбасындағы тәрбиені қоғамдық ортаға байланыстыра отырып берген адам ұтады. Отбасылық құндылықтар – ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың негізі. Ал психологиялық—педагогикалық тұрғыдан алғанда құндылықтар адамның жеке тұлға ретінде өз өміріне деген жауапкершілігін қалыптастыру, рухани әлемін байыту, әрбір адамның ерекшелігін түсіндіру, адамдар арасындағы жағымды қарым—қатынастардың маңыздылығын көрсету үшін қолданылады. Сондықтан әр ата—ана баланың отбасылық құндылықтарды толық меңгеруіне мүмкіндік жасағаны абзал. Отбасындағы құндылықтарды бағалай алмаса, адам ұлттық құндылықтарды да құрметтемей өтуі мүмкін. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген қанатты сөз де осы ойдың дұрыстығын меңзейді. Тәрбиенің қиындықтары көп, сол қиындықтан қашпаған ата—ана ғана саналы тәрбие бере алады. Ол үшін баланың не істеп жүргенін, кіммен ойнайды, қай жерде жүргенін, тапсырманы қалай орындағаны сияқты жұмыстарын қадағалап, түсіндіріп, жан—жақты тәрбие беру, оны әрі қарай дамыта білу керек. Отбасындағы өзара қарым—қатынастың дұрыс болуы, бала тәрбиесінде әке мен шеше рөлінің өте маңызды екені белгілі. «Балана бес жасқа дейін патшаңдай қара» дегеннің терең мәні бар. Тәрбие баламен сөйлесумен, әңгімелесумен, оған ақыл—кеңес берумен ғана шектелмейді. Тәрбие – тұрмысты дұрыс ұйымдастыра білуде, балаға әркімнің өз жеке басы арқылы үлгі—өнеге көрсетуінде. Отбасындағы бала тәрбиесі халық өмірімен, қоғамның мақсат—міндеттерімен байланысты болуы керек. Баланың жақсылығын да, жамандығын да, жемісі мен жеңісін де көретін ата-анасы! Қай заманда болсын, ата—ананың басты арманы – баласының инабатты, ізетті, еңбексүйгіш, ержүрек, адал, қайырымды болуы. Соған өз балаларын тәрбиелейді. Тәрбиенің түп тамыры – ұлтты қадірлеу, ұлттық әдет—ғұрыпты дамыту, ұлттық дәстүрді жандандыру, ұлтаралық достық қарым—қатынасты нығайтуға үйрету. Сабақ та, тәрбие де осы бағытта болса ғана баланы ортаға қарап тәрбиелеген боламыз, сонда ғана оның адамгершілігі қалыптасады. Адамды құрметтеуге тәрбиелеуіміз қажет. «Қазақстан – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында «Бала тәрбиелеу – болашаққа үлкен инвестиция» деп жалғастыра келе, «баланы жалғыз тәрбиелеп жатқан аналарға көмек көрсету, олардың икемді еңбек түрлерін қалыптастырып, үйде жұмыс жасауларына жағдай туғызу керек. Әйел адам ең алдымен – ана. Ал ана – отбасының, мемлекеттің шамшырағы» деп баса назар аударады. Бұл тұжырымды ойлар әйел мен бала тағдырының мемлекет үшін маңызды мәселе екенін ескере отырып, қоғамдық және отбасылық тұрғыдан нақты қадамдар жасау болып табылады. Қазіргі мақсатымыз «Мәңгілік Елдің» ертеңгі болашағын ойлайтын азаматтарды

тәрбиелеу.Тұлға отбасында өмірдің мәнін, оның мақсаты мен міндеттерін, құндылықтарын игереді, басқалармен қарым—қатынас жасау дағдыларын, өмірлік ұстанымдарын қалыптастырады, өзін—өзі ұстаудың нормалары мен мінез—құлқын реттеудің өлшемдерін меңгереді.Демек, отбасы – адам баласының алтын діңгегі, оның адамзат ұрпағына деген ықпалын өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайды. Отбасы тәрбиесінің мәселелері көптеген педагогикалық зерттеулерде де қарастырылған. «Жақсылық жақсы атаның баласынан тарайды» — дейді кемеңгер халқымыз. Осы арқылы тәрбиелі отбасынан тек жақсылық күт десе, шырқы бұзылған отбасын да «Шығады қисық үйден қисық түтін» деп түйреп өтеді ата—бабаларымыз. Халқымыздың ұлы ақыны Абай баланың өмірді танып—білуіне, оның бойында қалыптасар барлық қасиеттеріне бір жауапты адам ата—ана дей келе: «Балаға, көбінесе, үш алуан адамнан мінез жұғады. Біріншісі – ата-анадан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі – құрбысынан. Осылардың ішінен бала қайсысын жақсы көрсе сонысынан жұғады» деуінде үлкен тәрбиелік мән жатыр.

Қазір мектеп жасына дейінгі балалар бірыңғай бұрынғыдай тыңдаушы ғана емес, оқырман да. Мектеп жасына дейінгі балалардың бойында оқу қызметін меңгерту басты бағыты болып саналады. Ересек адам мектепке дейінгі балаға күшті педагогикалық әсер етеді, ол өзара әрекет үрдісінде кешенді әдістер мен тәсілдердің көмегімен танымдық белсенділікті қалыптастыруға, балалардың психикалық ойлау, қабылдау, ес, зейін, сөйлеуді, өзіне сенімділікті және ынталықты дамыта отырып, олардың белсенді танымдық іс—әрекетпен шығармашылыққа бой алуына көмектеседі. Сонымен, отбасылық тәрбие арқылы балада ұлттық таным жүйелі қаланып, ұлттық сана—сезімі қалыптасқан жағдайда ғана ол ұлт мүддесін ойлайтын, елжанды азамат бола алады. Ал сол жас ұрпаққа тәрбие беретін бүгінгі тәрбиеші – мамандар тәрбиелеу мен білім берудің жаңаша жетілдірілген әдіс—тәсілдерін іздестіреді, күнделікті жұмыс барысында жаңашыл бағыттар қарастырып, өздерінің іс-тәжірбиесінде қолданып отырады. Қазақстан Республикасы көпұлтты мем-лекет болса да оның төл мәдениеті мен ұлттық құндылықтары оны мекендеген басқа ұлттардың дәстүрлеріне қайшы келмейді. Тәрбиенің тал бесіктен басталатынын ескерсек, ата-бабадан келе жатқан ибалық пен инабаттылықты өзіміз түпкілікті түсініп, балаларымызға сол тәрбиенің нәрін сіңіре білсек, бұл қазіргі заманда бала тәрбиесіне қосқан біздің қомақты үлесіміз болып табылады. Отбасы – адам баласының алтын діңгегі, оның адамзат ұрпағына деген ықпалын өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайды. Отбасының ең үлкен байлығы – бала. «Шешеге қарап ұл өсер, әкеге қарап қыз өсер» дейді қазақ халқы. Әке мен шешенің жаман үлгісі балаға тәрбие болып табылады. Қазақ отбасындағы тәрбиенің ең бірінші ережесі — әкесін сыйлау, анасын құрметтеу. Бұл – балаға берілетін ең бірінші баға. Ата — анасын сыйлап өткен бала өзгелерді де құрметтеуге үйренеді. Халқымыздың даналығында «Баланы жастан» деген сөз бар. Сондықтан тәрбиенің тал бесіктен басталатынын ескерсек, ата—бабадан келе жатқан ибалық пен инабаттылықты өзіміз түпкілікті түсініп, балаларымызға сол тәрбиенің нәрін сіңіре білсек, бұл қазіргі заманда бала тәрбиесіне қосқан біздің үлесіміз болып табылар еді. Ата—ана тәрбиесі – қазақ халқы үшін толассыз таусылмайтын қазына.Ата—бабаларымыз өзінің жүріп өткен сан ғасырлық өмір жолы арқылы ұрпағын тәрбиелейтін ұлттық педагогиканың сарқылмайтын мол қазынасын қалдырып отыр. Бүгінгі таңда нағыз ұлтжанды, жүрегі қазақ деп соғатын азаматтарды тәрбиелеу үшін ата—ана тәрбиесі ең басты, ең маңызды, ең қажетті тәрбие болып саналуы тиіс.

«Адам тәрбиелеу, өзінің туған ұлы мен қызын тәрбиелеу – азаматтың ең бірінші аса маңызды қоғамдық қызметі, оның азаматтық борышы» — деп В.А. Сухамлинский айтқандай, бала тәрбиесі отбасынан басталатынын ата-ана әрдайым жадында ұстауы тиіс.

Еліміз егемендік алып, өз мәртебесі биіктей түскен шақта ең алғашқы алға қояр міндеттің бірі – бала тәрбиесі – егеменді еліміздің болашағын жалғастырушы ұрпақ тәрбиелеу. Ал сол жас ұрпаққа тәрбие беретін бүгінгі тәрбиеші – мамандар тәрбиелеу мен білім берудің жаңаша жетілдірілген әдіс—тәсілдерін іздестіріп, күнделікті жұмыс барысында жаңашыл бағыттар қарастырып, оны өздерінің іс—тәжірбиесінде қолданып отырса, бала тәрбиесі алға басары сөзсіз.

№17 «Шұғыла» бобекжай бақшасы
№7 «Ертегі» мектепалды тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы.

Хаттама №5

Қатысканы: 23

Қатыспағаны: 1

Күн тәртібіндегі мәселелер:

- 1.Ертеңгілік іс-шаралармен таныстыру
2. Тренинг «Тәрбие - отбасынан басталады»
3. Баяндама «Тазалық-денсаулық кепілі»

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Жолан А.Т. ертеңгілік іс-шаралар мен таныстырды. Ата-аналар тыңдап ризашылығын білдірді.

Екінші мәселе бойынша Тренинг «Тәрбие – отбасынан басталады» Жолан А.Т. өткізді.

Үшінші мәселе бойынша Медбике «Тазалық –денсаулық кепілі» тақырыбында баяндама өткізіп. Бала денсаулығындағы тазалық пен қысқы мезгілдегі тұмау , қызылша ауруларын алдын алу қорғану жолдарын .Қыс мезгілінде бала бойына керекті дәрумендермен таныстырды.

Қаулы

1 Баяндама Жолан А.Т оқыды ата-аналар өз деңгейінде оқыды деп мадақтады

2 Тренинг Жолан А.Т өткізіп ата-аналардың көңілін көтеріп марапаттар сыйлады.

3Медбике баяндамасымен танысып жаднамала таратылды.

№17 «Шұғыла» бөбекжай – балабақшасы

Медбикеден кеңес «Тазалық – денсаулық кепілі»

Тәрбиеші: Жолан А.Т.

Ақтөбе қаласы
2023 – 2024 оқу жылы

«Тазалық – денсаулық кепілі»

Мақсаты:

Жас желектей өсіп келе жатқан жас жеткіншектеріміздің санасына ішімдік, темекі, нашаның адам баласын аздыратынын, одан аулақ болу жақтарын мысалдармен дәлелдеп түсіндіру.

Барысы:

Қуанамын мен де

Қуанасың сен де,

Қуанайық достарым !

Арайлап атқан күнге!

Жетекші: Адамның денсаулығы — қоғам байлығы. Әрбір адам өз денсаулығының мықты болу жолдарын қарастыру керек. Дені сау адамның көңіл – күйі көтеріңкі болып, еңбекке әрқашан құлшына кіріседі.

Халқымыз «Дені саудың – жаны сау» деп орынды айтқан. Отанымыздың келешегі, көркеюі, балалар, сіздердің қолдарыңызда. Сондықтан сендердің таңдауларың — салауатты өмір салтын сақтау. Дені сау адам — табиғаттың ең қымбат жемісі.

Салауаттылық – саулық кепілі, ал саулық – байлық негізі.

Есірткі, нашақорлық – азаматты жұтатын аждаһа екенін бір сәт естен шығармайық!

Өміріміз — өз қолымызда. Біздің бақытымыздың оннан тоғызы денсаулығымызға байланысты.

Балалар, сендер қараңғы үйге кіріп келіп шам жақсаңыз, шам үйді жарық қылады. Көп қызыл гүлдің ішінен бір ақ гүл көрсең, көзің соған түседі. Біздің де өмірімізді жарық қылатын, жан –жағымызға тамаша сәулесін шашатын, өмірдегі басты байлық не деп ойлайсыңдар? Оқушылар: Денсаулық.

Жұмбақ жасыру,жұмбақ өлең.

Дымқылдап күнде сен

Қолыңды сүйкесең

Кетіп кір ,ласың

Тап-таза боласың. Бұл не? (сабын)

Шомылған баланы

Аймалап алады

Сүртеді қолын да

Сүртеді жонын да Бұл не? (сүлгі)

Аузы жоқ,көзі жоқ

Тілі жоқ, сөзі жоқ

Бірақ та тісі жоқ

Басыңмен ісі бар Бұл не? (тарақ)

-Балалар, жұмбақтың шешуі қандай заттар?

-Тазалық сақтайтын заттар

Тазалық бар жерде денсаулық болады. Олай блса бүгінгі тәрбие сағатымыздың тақырыбы «Денсаулық зор байлық».Сыныпты топқа бөліп қойдым, әр топ басшы өз тобын қорғап шығуы керек. Ал топ басшысына, топ мүшелері көмектеседі

Жетекші: Әр топ өздерін таныстыра кетсін.

I топ:«Шымыр» тобының ұраны: «Шынықсаң шымыр боларсың!»

II топ: «Денсаулық» тобының ұраны: «Денсаулық-зор байлық!»

III топ:«Сымбат» тобының ұраны: «Сымбатты болу өз қолыңда!»

Сөз кезегі медбикеке беріледі.

Жан – адамның ішкі дүниесі, ішкі жаратылысы. Олай болса, дені саудың – жаны да сау. Ендеше әр топ денсаулық туралы ой бөлісіп, топтастырсын. Уақыт біткен кезде әр топтан бір оқушы шығып қорғайды.

I топ Денсаулық ол – шыныққан Барлық денең мүшесі. Денсаулық ол — тыныққан Жүйке тамыр жүйесі.

Денсаулық ол — күлуің Көңіл – күйің жадырай, Денсаулық ол – жүруің, Ешбір жерің ауырмай.

II топ

Қара айнаға, көресің Өзіңді – адам денесін. Қол — аяғың, басың бар, Бұған кеуде қосылар- Құрылысың бұл сыртқы. Көрінбейді жүрегің, Өкпе, миың, бүйрегің- Құрылысың бұл ішкі.

III топ

Сымбат — мүсін дегенің Бітім – көркі денеңнің. Сымбат – жүру әдемі, Дене қалпын тік ұстап: Көтеріп сәл кеудені, Иық жазып дұрыстап. Түзу отыр, қисаймай, Бүкіреймей, жантаймай. Күш сап бас пен арқаға,

Жатып алма партаға.

Медбике

Әр түрлі жұқпалы аурулардың адамға микробтар арқылы таралатыны және одан микробтардың кір – қоқысты жерлерде өсіп — өніп, шаң-тозаңмен бірге ауаға көтерілетіні баршамызға белгілі жағдай.

Сондықтан тұрмыста тазалық сақтау адамның денсаулығына өте қажетті жағдай екенін естен шығармаған дұрыс.

Адамның денсаулығы, еңбекке қабілетті болуы көбінесе үйдегі тұрмыс жағдайына байланысты. Сондықтан да үй тұрмысы, әсіресе оның тазалығы белгілі санитарлық –гигиеналық талапқа сай болуы қажет. Үй ішіндегі бөлмелер тұратын адам санына сай және әрқашанда құрғақ та жылы, күн сәулесі жақсы түсетін кең болуы керек.

Гигиена — бұл денсаулықты қорғау және тазалық сақтау туралы ғылым.

Дос бол сабын,

сумен сен, Жии – жиі жуын сен: Таңертең де, кешке де, Жуын күндіз – түсте де, Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар кезінде, Жуын тұрған мезгілде.

«Тіс пастасының әзіл жарнамалық үзілісі».

Тіс болмаса, Асты қалай шайнаарсың,

Тазалап жүр тісінді. Тісті күнде екі рет

Кішкене де ыңғайлы, Тазартуды ойларсың.

Тіс щеткасын пайдалан.

Аяқ – қолға күте білу туралы жарнама

Аяқ — қол –көмекші, Күт оны ерекше. Аяқ – қолды кірлетпей, Тырнағыңды алып жүр.

Тері — сезім мүшесі Маңызды оның үлесі. Қызуыңды реттейді. Сол арқылы білесің Зиян микроб, вирустар

Сезіп затты, ыстықты, Ағзаға одан өтпейді.

I: Балалар, біздің арамызда кейде тазалықты сақтамайтын балалар болса, олар туралы не айтамыз?

Екі баланы дайындап шығару. Біреуінің үсті басы кір, ал екінші ұқыпты бала.

Күнде бетін жумайды, Жатып алып тұрмайды, «Жу» десең – ақ тулайды. Дейді ақырып «Жолама», Өз — өзінен өкпелеп, Сондай бала бола ма?

Беті қандай кір еді, Күледі – ау жұрт, күледі. Айниды адам жүрегі. Сондай бала бола ма? Көрсек осы бір кескінін, сендер оған жолама

II: Ал тазалықты сақтайтын, жақсы ұқыпты балалар туралы не айтамыз?

Жақсы бала құлақ сап, Жақсы бала ол анық Істемейді шалалық, Айтқаныңды ұғады. Тап – таза боп жуынып, Төсегінен тұра сап, Алады өзі таранып. Таза ауаға шығады.

Медбике.

Сен енді тазалықпен дос болысың ба? Жаман бала: Ия, ант етемін дейді. Барлығы: Тазалық –денсаулық кепілі.

Көзді неден қорғау керек? Әр топ топтастырып, ой бөліседі. I топ

Көзің — екі жанарың, Көзді сақта қоқыстан, Көз көреді, барлайды. Жарыққа тік қарама. Оны кірпі қабағың,

Соғып алма оқыстан, II топ

Шаң мен желден қорғайды. Зақым келер жанарға.

Көз нашарлап қалысқан, Ондайда адам шаршап тез, Кезде әлдене зақымнан. Басы ауырып жүреді.

III топ

Біреу көрмес алыстан, Қабілетін сақтап көз, Біреу көрмес жақыннан. Көзілдірік киеді.

II.Дильяра:

Тиімді тамақтану деген не? Қандай пайдалы тамақтар бар? I топ

Бірдей емес жұрт барлық, Алуан

түрлі азық бар, Бірі — толық, бірі – арық. Ет, май, сүт пен балықтар. Байланысты ол талғамға, Көкөністер, жемістер, Қоректенер тағамға. Витаминдер, жидектер.

II топ: Ас – адамның арқауы Тамақты ішкің күнде сен, Деген сөз бар ежелден. Белгілі бір мезгілде.

ІІІ топ: Витаминдер –гірегін, А – сы қажет көзіне, А,В,С,Д,Е –деп аласың. В – жүйкені тоғайтар. Жетіспесе бірі оның, С – дан микроб безінер, Ауырып сен қаласың. Д – сүйекті нығайтар.

Дене шынықтыру сабағында үйренген жаттығуды жасап, бір серігіп алайық. Жалқаулықты тастаймыз, Иілеміз оңға бір, Жаттығуды бастаймыз. Иілеміз солға бір. Қиынсынып қашпаймыз, Қимылдайды әр сәтте, Шынығамыз жастай біз. Аяқ та бір, қол да бір.

Тұмауратып ауырсаң, мына ережелерді сақта: төсек режимін сақтап сұйық заттарды, витаминдерді көп мөлшерде іш.

Бұл тұмаудың тигені Бас ауырып, жөтелсең, Жөн оны ерте білгенің.

Жағымсыз әдеттер. Саусағынды сормағын, Әрбір жанға жау мықты Салдыр — салақ болмағын. Арақ – шарап ішпегін. Әдет қылма мұрныңды, Денсаулыққа қауіпті Шұқылама мұрныңды. Темекі де шекпегін.

Жан сезім саулығы жан сезімнің – өзіңнің Сенім, рахат, жұбаныш Көңіл – күйің сезімің. Денсаулыққа зиянды: Денсаулыққа жағымды: Ашу, қиял, реніш, Көңілді шак, қуаныш, Көңілсіздік, қорқыныш. Медбике.

Табиғат аясындағы су тоғандарын, өзендерді, көлдерді ластама! Табиғатты тамақ қалдықтарымен, өзендерді, көлдерді ластама! Табиғатты тамақ қалдықтарымен, целлофан қалталармен, қағаздармен ластама. Демалыс жорықтарға шыққан кезде айналанды жинап жүр.

Тіс ауырса, іш ауырса, Саған дәрі береді. Балаға да, анаға да Мейірімін төгеді. Ол кім? дәрігер

Денсаулық сақтау ережелері.(Оқушылар айтады, мұғалім жазады)

1.Таңертең жаттығу жасау

2.Жуыну,бой-басын таза ұстау

3.Спортпен шұғылдану

4.Жақсы тамақтану

5.Күн тәртібі

6.Таза ауада демалу(табиғатқа саяхат)

7.Ұйқыға ерте жату

Жарай ма? Олай болса бүгінгі тәрбие сағатымызды тамашалағандарыңызға көп – көп рахмет! Қош, сау болыңыздар!

МДҰ №17 «Шұғыла» балабақшасы

Ойын арқылы балалардың ойлау қабілеттерін дамыту

Тәрбиешілері: Жолан А.Т.

**Ақтөбе қаласы
2023 – 2024 оқу жылы**

Ойын арқылы балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.

Ойын – оқу үрдісіндегі оқытудың әрі формасы, әрі әдісі. Сонымен бірге ойынды мұғалім мен оқушылардың бірлескен оқу әрекетінің өзара байланысты технологиясы ретінде қолдануға болады. Бастауыш сынып оқушыларының мектепке келгенге дейінгі негізгі әрекеті – ойын болса, оқу – тәрбие үрдісінде олар біртіндеп ойын әрекетінен оқу әрекетін орындауға бейімделуі тиіс. Ол сабақ барысында пайдаланатын түрлі ойындар арқылы жүзеге асады.

Мақсаты– Ойын арқылы оқушылардың білім-білік, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Балаларды оқытудағы ойынның ерекшелігі:

Ойын барысында оқушының ой-өрісі дамиды, сөйлеу қабілеті жетіледі, қарым-қатынас жасауға үйренеді, көңіл-күйі көтеріледі, оқушы жалықпайды, сөздік қоры көбейеді.

Сабақ сапасы жақсарады, пәнге деген қызығушылығы артады, логикалық ойлай білуге ұмтылдырады, тәртіп сақтау қабілеті, есте сақтау қабілеті қалыптасады.

Сондықтан кез - келген сабақты өткізу үшін дидактикалық ойындар қолдана білу керек. Рөлдік ойындар мектепке дейінгі балалардың өмірінде елеулі орын алады. Бұл ойындар ұзақ та, қысқа да болу мүмкін.

Сюжетті - рөлді ойындар бейнелеу құралы рөл мен ойын әрекеті болып табылады. Өзінің сипаты жағынан бұлар көбінесе еліктеу, шындықты көрсету болып табылады. Мысалы «Дүкен» ойынын ойнағанда балалар сатушы мен сатып алушы әрекеттеріне еліктейді., ал «Мектеп» болып ойнағанда мұғаліммен оқытушының әрекетіне еліктейді. «Отбасы» ойындары арқылы айналадағы өмірді бақылауға, күнделікті өз өмірлерінен алған білімдерін ойын сюжетіне пайдалануға төселдіруге болады

Ойын үлгісінің технологиясы баланың нақ осындай белсенділіктерін арттырады. Кез-келген бала да адамның мәдениеті де ойын арқылы дамиды. Ал бүгінгі ғасыр, ойын технологиясы арқылы баланың оқуға ынтасын, қызығушылығын арттыру жеңіл болмақ.

Ойын- дегеніміз не? Ойын дегеніміз – халықтың баланы әдептілікке, сауаттылыққа баулитын құралдың бірі.

Бала саналы, мәдениетті, адамгершілігі мол болып, жан-жақты дамуы үшін және тілін дамытып, сөз байлығын дамыту үшін және айналадағы өмір құбылысын ұғыну үшін пайдаланудың маңызы зор.

А. С Макаренко «Ойында бала қандай болса, өмірде кәсіби қызмет саласында, көбінесе сондай болады».

Сондықтан келешекке адамды тәрбиелеу – бәрінен бұрын ойын арқылы жүзеге асыралады. Ойын – балалар үшін айналадағы танып, білу тәсілі.

Ойын әрекеті мазмұнынан әлеуметтік сипаты баланың қоғамдық өмір сүретіндігімен байланысты. Ол алғашқы айлардан бастап – ақ маңайындағылармен қарым-қатынас жасауға ұмытылады, соның арқасында жасау құралы, күш қуаты тілді біртіндеп меңгереді.

Ойын- бала әрекетінің негізгі түрі. Ойын ойнағанда бөлме теңіз де, ұшақ та темір жол вагоны да болуы мүмкін. Балалар ойын кезінде тыныш отыра алмайды. Тіпті жалғыз баланың өзінде де сөйлесіп жүреді..

Сондықтан, ойын барысында тілдесім үлгісі қалыптасады.

Ойындар мазмұнына қарай, өзіне тән ерекшеліктеріне қарай сюжетті-рольді, драматизациялық,

дидактикалық құрылыс ойындары, қимылды ойындар, ұлттық ойындар болып бөлінеді.

Ойынның түрлері өте көп. Мысалы: рөлдік ойындар, дене шынықтыру ойындары, сюжеттік ойындар, дидактикалық ойын элементерін пайдаланудың маңызы өте зор. Дидактикалық ойындар баланың ақыл – ойын дамытып, сабаққа деген қызығушылықтарын арттырады. Тіпті нашар оқитын балалардың өздері де ойын элементтері араласқан сабаққа зор ынтамен ,жігерімен араласатыны анық.

«Ұлттық қазақ ойындары: «Қыз қуу», «Орамал тастау, «Асықтар», «Бәйге» ойындары. Бала өмірінің кезеңі ойын арқылы жетіледі. Ойындар әр топта жас ерекшелігіне сай жүргізіледі. Мен өз тәжірибемде ойындарды көп қолданамын. Сабақ барысында да, күннің ,жартысында да жүргіземін. Мектепте балалар табысты, жақсы оқу үшін баланың тілдік функциялары толық дамыған болуы керек. Баланың тілін жетілдіру үшін оны әңгімеге тарта отырып, баланың сөздік қорын жаңа сөздермен толықтырып, түсінігін молайту қажет. Баланың тілін дамытуда ойын түрлерін жүргізу арқылы, ойын шарттарын айта отырып та байытуға болады. Мысалы: «Қуыршаққа қонаққа бару»,«Қуршақты киіндіреміз» деген секілді ойын түрлерін қолдануға болады. Мен кез келген ойын түрлерін сабағымен тақырыбына сай таңдап аламын.

Әсіресе дидактикалық ойындарды тіл дамыту сабақтарында пайдаланудың тиімділігін тәжірибе көрсетіп отыр. Сабақты бекіту, баланың шығармашылығын дамыту, тіл байлығын молайту үшін ойындар сабақтың тақырыбына, мазмұнына сай таңдап аламын. Мысалы: «Телефон» ойынында диалогтық сөйлеудегі әңгіменің мақсаты – бір нәрсе жайында саралап, баланың оған жауап беруге, белгілі бір әрекетке түрткі болуға үйрету болып табылады. Қимыл ойындары – балаға дене тәрбиесін беру құрылды. Балалардың жүгіру, лақтыру, қағып алу қабілеттерін жетілдіруге, дамытуға мүмкіндік береді. Қимыл ойындары баланың жүйке қалыптасуына зор ықпал етеді. Қимыл ойынында ережелер ұйымдастырушы роль атқарады, олар ойынның барысын, жүйелілігін, ойнаушылардың қарым – қатынасын, баланың мінез – құлқын белгілейді. Балалар ойынды игерген соң өздігінен ойнай алады. Ойын балаларға сабақта өте қажет, тіпті бала жай дем алып отырғанын өзінде де ойын үстінде болады. Қимылды ойындар баланың барлық жас

кезеңінде өтеді.

Рөлдік ойындар мектепке дейінгі балалар өмірінде елеулі орын алады. Бұл ойындар ұзақ та , қысқа да болуы мүмкін. Сюжетті – рөлді ойындар бейнелеу құралы роль мен ойын әрекеті болып табылады. Өзінің сипаты жағынан бұлар көбінесе еліктеу, шындықты көрсету болып табылады. Мысалы «Дүкен» ойынын ойнағанда балалар сатушы сатып алушының әрекеттеріне еліктейді. «Шаштараз», «Отбасы» ойындары арқылы айналадағы өмірді бақылауға, күнделікті өз өмірлерінен алған білімдерін ойын сюжетіне пайдалануға төселдендіруге болады. Педагог өтілген ойынға талдау жасап, оның балаларға тигізген тәрбиелік ықпалы бағалауға, өз тобындағы сюжетті-рөлді ойындарының одан әрі басшылық ету тәсілдерін ойластыруға тиіс.

Қойылымдық ойындарда рольдер, ойын әрекеттері қандай шығарманың, ертегінің т.б. Сюжеті мен мазмұны шарттас болады. Ол сюжетті-рөлді ойынға ұқсас. Барлық балалар ертегіні жақсы көреді, ертегі айтып берсең бар ынтасымен тындайды. Ертегі балалардың ой- қиялын, сөздік қорын дамытады.

Құрылымдық ойындар- балалар әрекетінің бір түрі. Оның негізгі мазмұны қоршаған өмірді алуан түрі құбылыстарды және соларға байланысты іс-әрекеттерді бейнелеу болып табылады. Құрлыс ойыны бір жағынан сюжетті-рөлді ойнауға ұқсас келеді. Балалар ойын үстінде көпірлер, стадиондар, темір жолдар, театрлар, цирктер т.б. ірі құрлыстар салады.

Дидактикалық ойындар кішкене балаларға мейлінше тән оқыту формасы болып табылады, оның арғы тегі ойынды өлең мен қимылмен ұштастыру негізінде көп нерсені үйрететін ойындарды жасаған халық педагогикасына жатыр. Мысалы: «Сиқырлы қалпақтың сырын ашайық»- деген ойынды ересек топтарда тәрбиеші балаларды зат туралы айта білуге үйрету, олардың жүйелі сөйлеу қабілетін дамыту міндетін алға қояды. Ойын міндеті-қалпақтың астында не бар екенін білу. Дидактикалық ойындар айналамен танысу сабағында, көркем әдебиет, тіл дамыту сабақтарында жиі қолдануға болады. Бала тәрбиесі қиын да, жауапты міндет. Ұрпақ тәрбиесі қоғамнан тыс, оқшау тұрған емес. Ол қоғамның, заманың бағыт-бағдармен, тыныс-тіршілігімен бірге жүріп отырады. Осы орайда кез-келген бүлдіршін үшін бала тәрбиесі ата-анасына берілген тәлім-тәрбиені одан әрі жалғап, жандыратыны сөзсіз.

Ойын – жұмбақтар. Жұмбақтың негізгі ерекшелігі – логикалық астарында болуында. Олар баланың ой әрекетін

белсендіреді. Жұмбақтар салыстыру, теңеу және сипаттау арқылы ұғымның қасиеттерін ажыратуға тәрбиелейді, оқушы қиялының дамуына әсер етеді. Ойын – саяхаттар. Олар ертегілерге ұқсас. Оқиғаларды бейнелейді, бірақ олар ерекше түрде ашып көрсетіледі. Мысалы: «Бауырсақ» ертегісінің желісімен орманға саяхат жасай отырып, кездесетін аңдарды атап, оның ерекше қабілеттерін сипаттап көрсету.

Ойын – болжамдар. Бұл ойындар «Не болар еді?», «Мен не істер едім, егер» деген сұрақтарға негізделеді.

Ойынның дидактикалық мазмұны балалардың алдына проблемалық міндет пен ситуацияны қоюда ерекшеленеді.

Ойын – әңгімелер. Ол мұғалімнің балалармен, балалардың мұғаліммен және балалардың балалармен қарым-қатынасына негізделеді. Бұл қарым – қатынас ойын мазмұнында ерекше сипатқа ие. Ойынның құндылығы – олар эмоциональдық түрде белсендіруге, бір сөздікке, өзара әрекет жасауға, бірлесіп ойнауға мүмкіндік туғызады.

Ойын – өлеңдер. Ойын барысында өзгеріссіз жиі кездесетін ұсақ өлең түрі. Олар ойынның бір шарттарына байланысты орындалады. Мысалы, «қаламақ» ойнаушының қалауын тапқатата білдіретін ойын – өлеңдер қатарына жатады. Алма кетті домалап, өзен бойын жағалап. Балалардың басты іс-әрекеттерінің бірі – ойын. Сондықтан біз ойын технологияларын барлық сабақтарда түрлендіріп пайдаланамыз.

Сабақта ойын түрлерін пайдалану

Ойын түрлері оқушының ой қабілетін арттырумен бірге сабаққа белсенділігін, қызығушылығын оятып, ізденімпаздық, зерттеушілік, шығармашылық қабілетін дамытады.

Ойынсыз ақыл- ой қалыпты дамымайды. Ойын арқылы баланың рухани байлығы өмірмен ұштасып, айналасындағы дүние туралы түсінік қалыптасады.

Қорытынды: Ойын - бала әрекетінің негізгі түрі. Ойын ойнағанда бөлме теңіз де, ұшақ та темір жол вагоны да болуы мүмкін. Балалар ойын кезінде тыныш отыра алмайды. Тіпті жалғыз баланың өзінде де сөйлесіп жүреді.. Сондықтан, ойын барысында тілдесім үлгісі қалыптасады. Ойындар мазмұнына қарай, өзіне тән ерекшеліктеріне қарай сюжетті - рольді, драматизациялық, дидактикалық құрылыс ойындары, қимылды ойындар, ұлттық ойындар болып бөлінеді. Ұстаз бен шәкірттің бірлесе жасаған еңбегінің нәтижесі – сапалы білім болып табылады. Белгілі педагог В.А. Сухомлинский айтқандай: «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, шығармашылықсыз, фантазиясыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды!». Ендеше, баланы ойынға қатыстырып үйрету арқылы ойыны қайсы, үйретуі қайсы екенін балалар айырмастай, сезбестей етіп сабақ өткізген ұтымды.

№17 «Шұғыла» бобекжай бақшасы
№7 «Ертегі» мектепалды тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы.

Хаттама №6

Қатысканы: 23

Қатыспағаны: 1

Күн тәртібіндегі мәселелер:

- 1.Ертенгілік іс-шаралармен таныстыру
2. Тренинг «Ойын арқылы балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.»
3. Баяндама «Ойын арқылы баланың ұсақ қол моторикасын дамыту »

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Жолан А.Т. ертеңгілік іс-шаралар мен таныстырды. Ата-аналар тыңдап ризашылығын білдірді.

Екінші мәселе бойынша Тренинг ««Ойын арқылы балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.»тақырыбында Жолан А.Т. өткізді.

Үшінші мәселе бойынша Медбике ««Ойын арқылы баланың ұсақ қол моторикасын дамыту »» тақырыбында баяндама өткізіп. баланың ұсақ қол моторикасын дамытуға арналаған дамытушы ойындар ұсынды

Қаулы

- 1 Баяндама Жолан А.Т оқыды ата-аналар өз деңгейінде оқыды деп мадақтады
- 2 Тренинг Жолан А.Т өткізіп ата-аналардың көңілін көтеріп марапаттар сыйлады.
- 3Дамытушы ойындар ұсынылды

№17 Шұғыла бөбекжай-балабақшасы

«Сиқырлы гүл»

Тақырыбы: Сиқырлы гүл

Жүргізуші: Шуақты көктем күні, күн нұрын төккен күні,
Аналарды мейраммен балалар құттықтайды!
Әжелермен аналар , қыздарменен апайлар,
Сұлуланған, нұрланған , әдемі боп құлпырған,
Би билейміз, жырлаймыз, мерекені тойлаймыз!

Балалар ең асыл жан кім? \Ана\
Қызығында,бұзығында көтеретін кім? \Ана\
Үнемі жанында періштедей қорғаштап,демеу беретін кім? \Ана\
Сонымен бүгін қандай мейрам? \Аналар\
Осындай үлкен мейрамында аналардың жүзіне кішкене болса да қуаныш
сыйлағымыз келе ме? \ Иә \

Жүргізуші: Би билеп, ән айтады
Тойларында балалар.
Бағалаймыз енбегін
Аман болсын аналар!

Жүргізуші: Ал балалар қарандаршы енді мен сендерге жұмбақ жасайрайын
тауып көріңдерші
Қар мұз еріп, су көбейіп
Сай салаға толады.
Бүршік жарып, жарық ашып
Гүл бәйшешек басады.
Айтындаршы балалар бұл қай кезде болады «Көктем»

Көктем кіреді

Көктем :Сәлеметсіңдер ме балалар
Міне келдім табиғатты оятып
Күн күркірі нәсеріммен тоя түп
Ағаштардың тамырына қан жүріп
Жапырағын жасыл түске боятып

Тәрбеші: Сәлеметсіз бе ару көктем біздің балалардың барлығы да әдемі ал
бүгін ерекше көңілді.

Көктем: Көктем мейрамымен келген бүгінгі аналар күні құтты болсын

Ән: Көктем

Көктем : Аналармыз мерекесінде қандай сыйлық алғанды жақсы көреді

Балалар: Гүл алғанды

Көктем : Міне балалар менің қолымда қандай әдемі гүл бұл гүлді маған сиқыршы берді

Мынау жеті түсті сыйқырлы гүл, Әрбір күлтешесін аналармыз алып өз тілектерін айтса тілектері орындалады.

1 тапсырма : Сары күлтелерді алайық

Ішінде не бар екенің қарайық

Сізден өскен балалар

Батырлар мен даналар

Құттықтайды сіздерді

Құрметті жан аналар

Тақпақ тар :

1.Тұмар Аналарды сүйеміз

Сөзін ойға түйеміз

Әжені де құрметтеп

Әдеппен бас иеміз

2 Мұстафа Анам менің анашым

Сені жақсы көремін

Мерекенмен бүгінгі

Құттықтаймын мен сізді

3Мариям Анам болса қасымда

Басқа бақыт не керек

Анашымның жүрегі

Мейірімдігой керемет

4 Асылым Ұзақ ғұмыр жүз жасап

ауырмашы анашым

5 Айлин Ана біздің күніміз

Ана біздің гүліміз

Бізді ана қуантып
Ұзақ өмір сүрінің

2 тапсырма : Қызыл күлтелерді алайық

Ішінде не бар қарайық

Шалқып тасып әндетеміз

Жадырасын жанымыз

Ана сізді құттықтап

Әндетеміз бәріміз

Ән: «Ақ мама»

Жүргізуші : Біз доспыз гүлермен

Текке оны жұлмаймыз

Той күні бір –бірден

Аналараға сыйлаймыз

Мерекеде аналармыз гүл алғанды жақсы көреді ендіше аналармызға арнап
гүл жинайық

Ойын: Гүл жинау

3 тапсырма

Ал балалар балалар

Ойнайық та күлейік

Қане енді бұрылып

Би билеуге тұрайық

«Би Ромашка»

4 тапсырма: Қайырымды қасиетті

Ең ардақты ажемме

Әжелерді құттықтап

жыр шашуын шашындар

Тақпақтар: 1 .Муслима Өзің мені өсірген

айналайын ақ ажем

Тенетек болсам кешірген

ауырмашы ақ әжем

2 . И Айзере Ақ әжемді әрқашан

сыйлап жақсы көремін

Қуантайын деп оны

Өлең айтып бермін

3 Инжу Немересін жанындай

Әжем жақсы көреді

Қонаққа барса ұмытпай

Кәмпіт алып келеді.

3 Нұрислам Әже деген көп шығар

Әжемдей менің жоқ шығар

Мейірімді бұл кісі

Қандай ғажап күлкісі

Ән «Әжемнің шайы»

5 тапсырма: Оркестр

Мерекеге арналады бүгін ән би
Көтерілссін кәнекей көңілді күй
Таң қалдырып қуантып бәрімізді
Оркестірде ойнасын бүлдіршіндер

Ұлдар:Оркестірде

6 тапсырма :

Бәрі жақсы ананың
Бәрі оның керек- ау
Бірақ әрбір баланың
Өз мамасы бөлек ау дей келе бүгінгі мейрамымызға аналармызды
әшекейлеп дайындайық

Ойын: Аналарды әшекейлеу .

Жүргізуші: Бүгінгі мейрамда аналармызға арнап ән де айтық, биде биледік,
ойнадықта күлдікте енді аналармызға тамаша бір би сыйласақ

Би: Шөжелер биі

7 тапсырма: Сюпприз

Көктем: Жарайсыңдар балалар менің қолымдағы сиқырлы күлтеше
аналармыздың барлық армандарын орындады енді сендердің де аналарына
арналған қандай тілектерін бар

Балалар: -Аналармыз ауырмасын

- Қуанып жүрсін
- Әдемі болсын
- Күліп жүрсін


Көктем:Қарандаршы балаалар Қандай керемет сендердің де тілектерін
орындалып сиқырлы гүліміз жаңды .

Жүргізуші: Ана дейміз бәрімізде анқылдап

Ана дейді жас сәбиде жарқылдап

Ана деген бәйтерегі өмірдің

Ана деген алтын қазық алтын бақ дей келе балалармыздың аналарына
арналған сыйлықтарын береді. Сонымен бүгінгі Сиқырылы гүл атты
аналамызға арналған ертеңгілігіміз аяқталды.



«Сенбілікке шақырамыз»

№7 «Ертегі ортаңғы қазақ тобы»





«Жазғы дамытушы ойындар»

Танымдық іс-әрекет адам өміріндегі үрдістен қалыптасады. Бала дайын ақыл-оймен, танып-білуге дайын қабілетпен тумады. Ол осы материалды тез қабылдайды, егер оның бұл материалға деген таным көмегінен туатын немесе қолданушылық қызығушылығынан туғанда ғана жеңіл салыстырмалы түрде тез меңгереді. Мектепке дейінгі білім берудің басындағы басты мәселе болып олардың оқуға деген мотивациялық дайындығының жетіспеуі, осыдан оқуға деген тұрақты қызығушылығының жоқтығынан көрінеді.

Ұсынылып отырған әдістемелік құралдың мақсаты: Мотивациялық жоспардағы қиыншылықтан өту үшін балаларға қызықты оқу сабақтарын жүргізу, яғни арнайы оқу-дидактикалық түрде, дамушы ойындар арқылы, болған сабақ арқылы баланың оқуға деген қызығушылығының тууы және баланың шеберлігі көзделген. Берілген әдістемелік құралда мектепке дейінгі балалардың дамуына берілген: кіріспе, техникалық карта, болашақ жоспар, сабақ дәрістері толық (барлығы 24 интегралды сабақ). Курс сабағы мектепке дейінгі балаларды өмірге дайындайды, баланың біліктілігін қалыптастырады. Тәрбиелеудің және оқытудың басты түрі ойын болып табылады, яғни бұл баланың шынайы қалпы. Мысалы, қабылдауды дамытуға арналған ойындар – «Кілем дүкені», «Өзін ақтару», «Сиқырлы бояу езетін тақтайша», елестетуді дамыту үшін – «Сиқырлы жұмыртқа», «Болады-болмайды», «Сиқырлы орман», «Жазу (сурет салу)?», зейінді дамыту үшін – «Үздіксіз іздеу», «Түйме» және т.б. Оқу-дидактикалық ойынға бірінші талап, балалармен өткізілген, олар танымдық қызығушылығын дамыту үшін қолданылған. Осы көзқараспен балаға ойынның аса пайдалы, келесі талаптармен жауап қайтарады: - баладағы қызығушылықтың өз бетімен қабілетінің тууы; - өзінің қабілетін көрсету үшін балаға мүмкіндік беру; - жарыстарға баланы еліктіру; - дағды мен икемін қалыптастыру және өздігінен білімді іздестіруге жағдай жасау; - ойын арқылы жаңа білім қайнар көзі мен икем және дағдыны бала үшін қол жетерлік болуы; - жетістік үшін еңбегі сіңген мақтау қағазын алу, онда сен қанша рет ойынды жеңгені туралы емес, онда қанша дағды, икем және жаңа білім алғаны туралы деманстрация. Балаларға ең алдымен мынандай ойындар керек, онда олар өздеріне жаңа білім алу үшін ашады, елесі, зейіні, ойлауы және баланың сөйлеуі, шығармашылық қабілетін дамытуға көмектеседі. Негізгі дамытқыш ойындарда келесі қағидалары бар: - Баланың қызметін ойын элементтерімен сәйкестендіріп және ойыннан оқуға өту, ойынтапсырма арқылы ізденіс қызметі. - Ойынның шартын және тапсырмаларын ақырындап күрделендіру (бірте-бірте). - Баланың ішкі және сыртқы қызметімен байланысы және ойдың әрі қарай дамуына енуі. - Оқу мен тәрбие жұмысының бірізділігі. - Барлық баланың шығармашылығының дамуы, әр бала өз алдына жеке дарын иесі, оны табиғатына байланысты анықтау. Осы дағдыларды қалыптастыру арнайы орталықтарда, осы қасиеттерді дамытады, онда білім беру аймағы анықталады: «Таным», «Коммуникативтілік», «Шығармашылық», «Әлеумет», «Денсаулық». - баланың қабылдау жүйесін дамыту - есте сақтау қабілетін дамыту (көру, есту, сипап-сезу, т.б.). Арнайы және арнайы емес назар. - ойлау қабілетін арттыру (өз еркімен ойлау қабілеті, өз шығармашылық қасиетін көрсету, қиындықтарды оңай жеңу, салыстыру, жалпылап және талдай білу қасиеті). Қиялдау қабілетін дамыту: ертегі жаза білу, жұмбақтарды шеше және таңғажайып бейнелерді ойлап таба білу. Қолдың және саусақтардың бұлшық етін және денсаулықты дамыту Ойын арқылы қызығушылықпен танымдылықты ояту. Еңбек қорлыққа тәрбиелеу. Өзін-өзі бағалау және ұстамдылық қасиеттерін қалыптастыру. Тәжірибелік маңыздылық баланы дамытудан тұрады: - қоршаған ортаны тандап өткізу. - қиялдан әртүрлі образдарды қалыптастыру. - тапсырмаларды шығармашылық жолмен шешу. Технологиялық карта бес бөлікті

камтиды, ойынды жаттығулар мен тапсырмаларды қосу; есте сақтау мен зейінді дамыту, мәдени ойлауды жоғарлату, шығармашылық қиялды жетілдіру, психогимнастика және сөздік қорды дамыту. Сабақ барысы қыркүйектен тамызға дейін айына екі реттен деп жоспарланған. Барлығы 24 сабақ. Сабақтың жекеленген бөліктері: ойындық жаттығулар және ойындар, т.б. Оны баланың тәуелсіз тапсырма ретінде қолдануға болады. Мәселе: Мектепке дейінгі балалардың қызықты танымдық дамытушы ойындардың қалыптасуы. Өзектілігі: Дамытушы ойын – бұл бала үшін ой иелігінен өткен құбылыс, оған бала өз еркімен ойынға қатысып, даңа тәжірибе алмасып, одан алған білімі оның жеке байлығы болады, сондықтан оны басқа жағдайларда қолдана алады. Алған тәжірибесі балаға өз ойында қолдануға мүмкіншілік беріп, оның шығармашылық ұсынысының дамуы. Адамның әрекеті екі түрлі болуы мүмкін: іске асыру және репродуктивтік, кіріктірілген және шығармашылық. Репродуктивтік түр біздің есте сақтау қабілетімен тығыз байланысты. Оның түпкі мағынасы бала бұрынғы білімін қайталап, еске түсіреді, сол арқылы бұрынғы білімін қайталап еске түсіреді, сол арқылы бұрынғы мәселелерін шеше алады. Бұл түр ешқандай жаңа түр болмайды. Оның негізгі бұрынғы білгенін толық және толық емес қайталау болып табылады. Бұндай тәжірибе бала үшін маңызы бар, ол қоршаған ортаға дағдылануды жеңілдетеді, күнделікті дағдыларды пайда болдыра отыра оны біркелкі жағдайларда қайталап отырады. Органикалық жадтың негізгі, репродуктивтік қабілеті өзгереді, бұрынғы өзгерістерді сақтайды. Олардың арақатынасындағы байланысты нығайта түседі. Баланың қиялы мен кіріктірілген жадқа қарсы болмайды, сондай-ақ жаңа сәйкестіктерді іздейді. Бірақ адам жеке жағдайға бейімделе алмаса ол тек бар тәжірибесі мен өмір сүрсе, онда ол қоршаған ортаға да бейімделе алмайды. Қиял – бұл барлық шығармашылық жұмыстың негізі. Баланың жалпы дамуы үшін қиялдың маңызы зор. Ерте жастан бастап балалардың ойында шығармашылық үрдіс көріне бастайды. Ойын бала үшін тек қана алғашқы әсер емес, сонымен қатар оның комбинациясы. Қиялдың негізі өте күрделі болып табылады және сыртқы қабылдаулар, баланың тәжірибесінің негізін құрайды. Бұл әр түрлі қабылдау, тапсырмаларды шешу, құбылыстар және тағы басқалар жатады. Оған есту және көру қабілеті де жатады. Ең қиыны қабылдау. Сондықтан тәрбиелеуші баланың қиялын дамыту үшін оған көмек беруі керек. Бұл күрделі үрдістің құрылуы диссоциациялық талдау және ассоциациялық қабылдау болып табылады. Бұл үрдіс баланың барлық даму жағынан маңызды, бұл түсінік пен абстракты ойлаудың қалыптасуының негізі. Сондықтан көптеген ойындарда ойлау қабілетін арттыру өте маңызды. Бұл ойын арқылы логикалық тізбекті жалғастыруға, ресурстарды таба білу және интеграция көмегімен ассоциация көмегімен жасауға көмектеседі. Дамыту ойындарында балаға әдейі қиын жағдайларды тудырады, ол одан шығар жолды таба білу керек. Сол арқылы бала ойлау қабілетін артырады. Дамыту ойындар баланың бойындағы өзін-өзі ұстау және жинақылыққа үйретеді. Бұндай ойындардың шарттары баланың басқалардың ойындағы қателігін көріп өзі жақсы ойнай бастайды. Ақырындап ол дұрыс ойнап, ұстамды болып, әдептілік нормаларын ұғынады. Дамыту ойынның екі аспектісі бар: 1. Танымдық – баланы неге үйреткеніміз келеді, ол үшін қандай тәсілдер қарастырамыз. 2. Тәрбиелік – әріптестіктің түрі, балаға үйрететін басқа адамдармен қарым-қатынас жасау формасы. Дамыту (жетілдіруші) ойынның мақсаты: нақты білім беру емес, белгілі бір психологиялық қасиеттерді дамыту. Қорытынды: Дамыту ойынында баланың есте сақтау қабілетін арттыру, ойлау қабілетінің жұмыс істеу және т.б., сондай-ақ белгілі бір әрекеттер жасау қажеттілігі, салыстыру, жалпылау, көрген-білгеніне жауап беру және сөйлеу қабілетінің қалыптасуы. Баланың

калыптасуын ойын арқылы және жаттығу, тапсырмалар арқылы қалай анықтауға болады. Баланы мәселесі көп жағдайға әкелу. Оның іс-әрекеті жұмыс барысында өзіндік қанағаттандыруға әкелді, кейіннен ол сұрақтар тудырады, олардың өзіндік танымдық мағынасы болады. Дамыту ойындар Ойындағыны іске асыру - ойын жағдайына балалар кіреді және ол өзінікіндей қабылдайды. Ойын әрекеті - белгілі қозғалыстар, құралдармен алмасу, құралдарды іздеу және тағы басқалар жатады. Оқыту тапсырмалары - ойындағы жеке жетістіктерінің маңызды жағдайы және оның басқа қатысушыларымен эмоционалдық байланысы. Ойындағы мәлімет - ойынға баланы талаптандыру, үйрету және дамыту үшін ерекше мағына береді және сонымен бірге ойынның ниетін жүзеге асыру. Ойынның ережесі - ойынды іске асыру үшін ойын әрекеті мен оқыту тапсырмасын, балалардың санасында ойынды іске асыру. Мақсаты: Дамыту ойындар көмегімен баланың танымдық біліктілігін қалыптастыру. Тапсырмалар: Танымдық үрдісін дамыту. Мәдени ойлануды жоғарлату. Шығармашылық қиялын дамыту. Жеке тұлға қасиетін қалыптастыру: - байқағыштық, - талпынушылық, - білімге құмарлық. Өзіндік баға мен өзіндік бақылауды дәл қалыптастыру. Өнімді іс-әрекет түрі арқылы баланың жеке тұлғасын дамыту Танымдық қызығушылықтың бет бұрысы Танымдық және білімділік адамның қызықты қабілеттерінің бірі, ол қоршаған ортаға деген қатынасын білдіреді. Танымдылық ол тума біткен талант емес, ол тәрбиелеу мен оқыту барысында қалыптасады, қоғамдық тәжірибе арқылы бала қалыптасады, жалпы білім мен барлығы әсер етеді. Танымдылық пен білімділікті дамыту ол тәрбиешімен балаға байланысты. Танымдық қызығушылықтың қалыптасуына әлеуметтік өмір, басқаның өмір тәжірибесі және жеке тәжірибесі әсер етеді. Танымдық қызығушылық көбінесе өмірдің белгілі бір түріне бағытталады. Танымдық қызығушылық интеллектуалды белсенділіктің эмоционалды қатынастарын өзіне қосады. Д. Ушинский оқуға деген қызығушылықта «қызықты, толық ой» деп атаған. Ол баладан қызығушылық оятып, оның қуанышын бірге бөлісіп жатады. Қызығушылық баланың еңбекқорлығын арттырады, ол ең қызықсыз жұмыстың әрін келтіреді. Танымдық қызығушылық қоғамға деген белсенді қатынасты көрсетеді, сондай-ақ білімді қабылдау немесе жұмысты қиыншылықсыз орындау. Танымдық қызығушылық мүмкіншілігіне қарай мидың жұмыс істеуін қалыптасуының негізі бола алады. Танымдық қызығушылық қалыптасуы толық оқыту үрдісі кезінде және тәрбиелеу барысында жүзеге асады. Білімділікті және танымдық қызығушылық ойды дамыту сабақтарында, ойында, еңбекте және қоғамда қалыптасады. Танымдық қызығушылықтың негізгі сипаттамасы мыналар: көпжақтылық, тереңділік, тұрақтылық, динамикалық, әрекеттілік Баланың танымдық қызығушылығын қалыптастыру Динамикалық – білімі, баланың өзімен бірге қозғалмалы жүйені қалыптастырады, онда тез орналасады және іске қосылады, әр түрлі жағдайда варианттивті қолданылады және баланың ақыл-өрісі әрекетіне қызмет етеді. Ақиқаттылық – баланың белсенді іс-әрекеті, оның заттар мен құбылыстармен танысуға бағытталған қиыншылықты жеңу, мақсатқа жету үшін ерігін күшсептеу пайда болады. Қағидалары: 1. Оқу мен ойын элементтері баланың іс-әрекетіне үйлесіп, ақырындап ойыннан – біртіндеп танымдық-ізденіс іс-әрекетіне айналады. 2. Ойынның шарттарын және тапсырмаларын қиындату. 3. Баланың шығармашылық потенциалын дамыту. 4. Тәрбиелік мен оқытушылықтың бірдей әсер етуі. 5. Баланың ішкі және сыртқы белсенділігі арасындағы ұйымдастырушылық байланыс. Бірлестік іс-әрекеттерінде баланы ұйымдастыру: 1. Жеке – дара ойындар 2. Кіші топтармен жұмыс 3. Ойындар тапсырмалары 4. Мимикалық жаттығулар 5. Сөз шығармашылығы 6. Ойын гимнастикасы 7. Ортаның құбылмалдығы 8. Монотипия 9.

Модельдеу 10. Жағдай мәселелерін шешу. Танымдық қызығушылықтың қалыптасуы: Көптеген тәрбиелік әрекеттерден және баланы өзіне қарату үшін қорғағыштық, көңілдік, таңқаларлық және де аяушылық қасиеттерін талдап едім. Эмоционалдық тәрбиенің негізінде баланың қызығушылығын арттыру, оның бірденеге деген икемділігі. Мысалы, Нұраманға құстар қызықтырады: оның көп түрлілігі және ішкі түрі. Ата-аналарға «3 сұрақтың моделі» атты жобада қатысу деген ұсыныс. Біз барлық балалармен қызықты ақпарат жинай бастадық. Ақбота ертегілерді ұнатады – кең үлгіні «Теремок білімі» оның күнделікті қызығушылығы. Танымдық қызығушылық шарты балаларда әрине қалыптаса бастайды. Еризат, және Дариғаның әнге деген қызығушылық оянды, олар әнге, дыбысқа, өте оңай бейімделеді. Ал Ләйлә үй өсімдіктерін қорғағанды ұнатады. Ақбота, Рахат сурет салғанды қалайды. Оларды әр түрлі түстер қызықтырады. Әр балаға деген жеке қатынас тәсілі өте маңызды. Актілек, Мерей, Алдияр ұялшақ болғандықтан, оларға көп назар аудару керек. Олардың жасағандарын қолдап бір-біріне деген қатынасын жақсартуға тырысады. Оқу барысы өзіне көп назар аударғанды талап етеді. К.Д. Ушинский назар аударуды «Қоршаған ортаға деген қақпа» - деді. Назар аудару оқу барысына танымдық қызығушылықты арттырады. Баланың білімділігін арттыру үшін жұмбақ жағдайды да қолданады. Бірақ балалардың танымдық қызығушылыққа деген қызығуы кей жағдайда жоғалады, сондықтан мен бір бағыттық жаттығулар. Басты шарт оның динамикалық білімді және дамытушы ойындарды жалғастыру болып табылады. Дамытушы ойындар арқылы баланың қызығушылығын арттыру, балаларды ойлануға әкеп соқтырады, ой елегінен өткізу жұмбақтарды шешу. Балалар алдына маңызды тапсырма қойып, оны шешу жолы: салыстыру, ақылға салу, еске түсіру. Тәрбиелеуде ең маңызды мағына «нәтижені тосу» болып табылады. Бұл нәтиженің жобасы баланың ойы мен қабілетінің артуына ықпал етеді. Ақырындап балаларда өз еркімен мақсат қойып, одан нәтиже алу қабілеті қалыптасады. Шығармашылық ойының дамуы, қалыптасуы басты негізінде білімнің артуы арқылы жүзеге асады. Ол тәрбиешінің тікелей қатысы арқылы жүзеге асады. Ол тәрбиешінің тікелей қатысы арқылы жүзеге асады. Танымдық қызығушылықтың негізгі тәрбиесі, ол тәрбиешінің жарқын ойлары мен оның бала тәрбиесіндегі белсенді тәсілі. Қорытынды: Дамыту ойыны барысында баланың есте сақтау қабілетін арттыру, болып табылады және оның ойлау қабілеті жұмыс істей бастайды. Күнделікті талдау, синтез, салыстыру, жалпылау, көргеніне жауап беру және қорытынды жасау, сондай-ақ сөйлеу қабілеті қалыптасады.